

## Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 705 қаулысы

Валюталық операциялар жүргізуге шектеулерді жою әрі 2007 жылдан бастап ағымдағы операциялар мен капитал қозғалысымен байланысты операциялар бойынша ұлттық валютаның толық айырбасталуына көшу үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдардың басшылары Бағдарламада белгіленген іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей Бағдарлама іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4                      ж ы л ғ ы                      2 5                      м а у с ы м д а ғ ы

N                      7 0 5                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы

### 1. Бағдарламаның паспорты

1. Атауы

Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2005-2007

жылдарға арналған бағдарламасы

2. Негізгі әзірлеуші  
Банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық
3. Әзірлеу негіздемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2003 жылғы 28 шілдедегі N 753  
қаулысымен мақұлданған Қазақстан  
Республикасының қаржы секторын  
дамытудың тұжырымдамасы, 1.2-бөлім.  
Валюталық қатынастарды ырықтандыру
4. Бағдарламаның мақсаты Валюталық операциялар жүргізуге  
шектеулерді кейіннен жою және 2007  
жылдан бастап ұлттық валютаның толық  
айырбасталуына көшу үшін жағдайлар  
жасау
5. Негізгі міндеттер
1. Валюталық реттеу және бақылау  
режимін оңтайландыру.
  2. Валюталық операцияларды жүргізген  
кезде тәуекелдерді хеджирлеу  
құралдарын неғұрлым белсенді  
пайдалану үшін жағдайлар жасау.
  3. Ақша-кредит саясатының  
мақсаттарына және Қазақстан  
экономикасы ұшырайтын сыртқы  
күйзелістерді реттеуге байланысты  
шетел валютасына сұраныс пен  
ұсынысты реттеу құралдарын одан әрі  
жетілдіру үшін жағдайлар жасау.
  4. Қаржылық ұйымдардың валюталық  
операцияларын реттеу мен қадағалаудың  
халықаралық қағидаттарына толық өтуді  
қамтамасыз ету.
6. Қаржыландыру көздері талап етілмейді
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін түпкілікті нәтиже Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру  
валюталық реттеу мен валюталық  
бақылаудың әкімшілік рәсімдерін  
жүйелеу және жеңілдету үшін қажетті  
негіз жасайды. Туынды қаржы  
құралдарымен операцияларды валюталық  
реттеу рәсімдерін жетілдіру Қазақстан  
резиденттерінің рыноктық тәуекелдерді

басқару стратегияларын неғұрлым тиімді пайдалануы үшін қажетті жағдайлар жасайды. Валюталық бақылау агенттерінің функцияларын қысқарту екінші деңгейдегі банктердің шығындарын азайтуға және олардың бәсекелік қабілетін жоғарылатуға ықпал етуге тиіс, ал валюталық операцияларды жүргізу тәртібін жеңілдету сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың әкімшілік шығасыларын азайтады және капиталдың қалтарысты әкетілу ауқымын азайтуға жанама ықпалын тигізеді.

Ерте хабардар ету индикаторларының жүйесін құру сыртқы және ішкі экономикалық тәуекелдерді уақтылы анықтауға және соған бара-бар іс-әрекет жасауға мүмкіндік береді, ал сыртқы экономикалық операциялар туралы ақпарат базасын жетілдіру валюталық операцияларды жүргізудің рұқсат беру тәртібінен 2007 жылдан бастап кейіннен мониторинг жүргізуге және іріктемелі бақылау жүйесіне

тиімді көшуді қамтамасыз етеді.

8. Іске асыру мерзімдері 2005-2007 жылдар

## **2. Кіріспе. Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асырудың нәтижелері**

Валюталық операцияларды жүргізуге қойылатын шектеулерді жою жөніндегі бағыттар мен іс-шараларды көрсететін осы Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 шілдедегі N 753 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту тұжырымдамасына сәйкес, валюталық режимді ырықтандыру мақсатында әзірленді. Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 369 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасында валюталық режимді

ырықтандыру тұжырымдамасын одан әрі іске асырудың негізін қалайды. Осы Бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндеттері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қаңтардағы N 103 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асырудың нәтижелеріне негізделеді, онда оның қисынды жалғасы болып табылатын ырықтандырудың бірінші кезеңінің іс-шаралары айқындалды.

Ырықтандырудың бірінші кезеңін іске асыру "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық кесімдеріне банк қызметі, валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының күшіне енуінен басталды. Осы заңға сәйкес валюталық реттеу жөніндегі барлық нормативтік құқықтық актілер қабылданып, жаңа немесе өзгертілген редакцияда қолданылуда.

Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

1) валюталық операцияларды лицензиялаған кезде (резидент еместерді экспорт-импорт мәмілелері бойынша кредиттеуді қоспағанда) қаржыландыру көзін ( жеке тұлғалар үшін 10 мың доллардан астам, заңды тұлғалар үшін - 100 мың доллардан астам), салым объектісінің құнын растауды, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың 100 мың АҚШ доллары баламасынан астам барлық валюталық операциялары бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімін қоса алғанда, талап етілетін құжаттардың тізбесі кеңейтілген;

2) 10 мың долларға дейінгі экспорт-импорт мәмілелері бойынша лицензиялаудың ең төменгі шегі ұлғайтылды. Сонымен қатар, ең бастысы, сомасы лицензиялау шегінен төмен келісім-шарттар бойынша тұрақты жиынтық дебиторлық берешекті бақылау мәселесінің және шектеу шараларының шешілмеуінен және уәкілетті банктер мен валюталық бақылау органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-әрекет жүйесін негізді қайта қарау қажеттілігінен экспорт-импорт мәмілелерін бақылаудың екі деңгейлі жүйесі қабылданған нормативтік құқықтық кесімдер шеңберінде іске асырылған жоқ. Осы айтылғанға байланысты, экспорт-импорт мәмілелерін бақылаудың екі деңгейлі жүйесін енгізу 2007 жылдың бас кезіне таман аяқталады және қайтару туралы талаптың сақталуын қамтамасыз етуге арналған, бақылаудың екі деңгейлі жүйесінің мақсаттары мен тәсілдеріне барынша сәйкес келетін экспорт-импорт валюталық бақылаудың жаңартылған және жеңілдетілген жүйесінің бір бөлігі болады;

3) капитал ағындарына байланысты тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, сыртқы елдік тәуекелдер республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының сценарийлері шеңберінде төлем теңгерімін талдағанда және болжам жасағанда бақыланып отырады әрі ескеріледі. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне жеткілікті капиталдандыру ережесі енгізілді, бұл сыртқы борыштың қолайлылығын бағалаудың

басты өлшемдерін жақсартуға және халықаралық резервтер деңгейінің жеткілікті болуымен қатар қысқа мерзімді перспективада шетелдік өтімділікке және ұзақ мерзімді перспективада төлем жасау қабілетіне байланысты болуы мүмкін проблемалардың осал жақтарын азайтуға жанама ықпал етуге тиіс;

4) Ұлттық Банк басқа арналар бойынша ақпараттың қайталануына жол бермеу, төлем теңгерімі мен сыртқы борыш жөнінде жетіспейтін талдау ақпаратын алу мақсатында, сондай-ақ жүргізілетін операциялардың берілген лицензиялардың талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында валюталық операциялар бойынша ақпарат базасын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

Сонымен бірге, валюталық режимді одан әрі ырықтандыру үшін қажетті шарт болып табылатын қаржы секторының тәуекелдерін азайту және пруденциалдық реттеуді жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, Ұлттық Банк Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 250 қаулысымен Банк топтарына арналған пруденциалдық нормативтер туралы ереже бекітілді. 2003 жылы барлық екінші деңгейдегі банктер банктерде тәуекелдерді басқару жүйелерінің бағасы және олардың бар екенін растау мазмұндалған уәкілетті аудиторлық ұйымдардың аудиторлық есептерін ұсынды. 2003 жылдың ішінде банктер аудиторлық ұйымдардың және Ұлттық Банктің ескертулеріне сәйкес көрсетілген жүйелерді ұйымдастырудағы кемшіліктерді жою жөніндегі жұмысты жүргізді. Ұлттық Банк Басқармасының 2003 жылғы 6 желтоқсандағы N 434 қаулысымен Екінші деңгейдегі банктерде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуына қойылатын талаптар туралы нұсқаулық қабылданды. 2003 жылғы 4 шілдеде " Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы " және 2003 жылғы 10 шілдеде " Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалаудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " Қазақстан Республикасының Заңдары қабылданды, олар 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі құрылды.

"Заңсыз жолмен алынған кірістерді жария етуге (ақтауға) қарсы іс-әрекеттер туралы " Қазақстан Республикасының Заңын, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу, сондай-ақ ішкі валюта рыногындағы валюталық операциялардың жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі іс-шараларды іске асыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қаңтардағы N 73 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі заң жобалау жұмыстарының 2004 жылға арналған жоспарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 287 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2003-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында көзделген.

Валюталық реттеудің жаңа рәсімдерін және валюталық режимді ырықтандырудың тәсілдерін пысықтау және жетілдіру мақсатында "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңын әзірлеу мерзімдерін ауыстыру туралы шешім қабылданды.

"Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңы 2004 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілетін болады және осы Бағдарламаға сәйкес валюталық режимді ырықтандырудың бірінші кезеңінің іске асырылуын аяқтай отырып және екінші кезеңін жүзеге асыру үшін қажетті нормативтік құқықтық базаны құра отырып 2005 жылы күшіне енеді.

Заң базасы негізінде 2005 жылы заң аясындағы бірыңғай нормативтік құқықтық кесім әзірленетін болады, ол экспорт-импорт валюталық бақылау және айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті реттеу рәсімдерін қоспағанда, валюталық операцияларды жүргізудің тәртібі мен барлық рәсімдерін айқындайтын болады.

### **3. Валюталық ырықтандырудың проблемалары мен перспективаларының қазіргі жай-күйін талдау**

Капитал ағынына шектеулерді жою сыртқы экономикалық операцияларға қатысушылардың әкімшілік шығасыларын азайтумен жалғасады, бұл кәсіпкерлік қызметтің кең еркіндік алуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, валюталық режимді ырықтандыру процесінде капиталды жұмылдыруға байланысты тәуекелдерге бірдей жауап беретін тиімді экономикалық саясатты жүргізуге қойылатын талаптар артады, мұндай жағдайда рынок субъектілерінің ішкі немесе шетелдік активтерге салымдар туралы шешімдер қабылдауы экономикалық факторлармен айқындалады, мұндайда әкімшілік шығасылардың ықпалы барынша азаяды. Осы тұрғыдан алғанда, валюталық режимді ырықтандыруға тікелей немесе жанама түрде байланысты мынадай мәселелер қарастырылуы тиіс.

#### **3.1. Капитал ағындарының құрылымы**

Төлем теңгеріміндегі капиталдың ағындарын талдау, егер 1995-2000 жылдардағы кезеңде капиталды әкелудің және әкетудің негізгі көздері сыртқы сауда операциялары болса, ал соңғы жылдары резиденттердің халықаралық қаржы рыногына және капитал рыноктарына қатысуының жандана түскенін көрсетеді (1-кесте).

1 - к е с т е

**К а п и т а л а ғ ы н д а р ы**

млн. АҚШ долл.

2000	2001	2002	2003	Анықтама үшін	
				-----	
				1995 -	2001 -
				2000	2003

### К а п и т а л д ы ң

әкелінуі	16928,1	21289,8	25122,6	33580,6	100%	100%		
Т а у а р л а р					ж ә н е			
қызмет көрсету	10948,7	10899,1	12321,5	15897,6	65%	49%		
экспорты								
Кіріс	138,6	230,8	241,4	272,5	1%	1%		
ШТИ	2693,2	4665,0	4121,6	4457,1	14%	17%		
П о р т ф е л ь д і к								
инвестициялар	30,4	134,2	53,5	212,3	1%	1%		
Басқа инвестициялар	2698,5	4873,8	7621,7	12255,7	17%	31%		
О н ы ң			і ш і н д е					
мемлекеттік	160,8	372,6	441,8	537,2	4%	2%		
басқару секторы								
О н ы ң		і ш і н д е		м е м л е .				
кеттік емес,	547,6	790,9	1933,4	3868,7	3%	8%		
банк секторы								
Қысқа мерзімді	472,1	640,1	1463,8	2315,1	2%	6%		
Ұзақ мерзімді	75,6	150,8	469,7	1553,6	0%	3%		
О н ы ң			і ш і н д е					
мемлекеттік емес,	1990,1	3710,4	5246,5	7849,8	11%	21%		
банктік емес сектор								
Қысқа мерзімді	1485,5	2502,5	3544,3	5225,7	7%	14%		
Ұзақ мерзімді	504,5	1207,9	1702,2	2624,2	4%	7%		
К а п и т а л д ы ң								
әкетілуі	-16787,4	-20905,0	-24587,5	-32047,1	100%	100%		
Т а у а р л а р					ж ә н е			
қызмет көрсету	-9380,6	-11103,2	-12173,7	-14060,8	66%	48%		
импорты								
Кіріс	-1392,7	-1467,8	-1368,8	-2013,4	5%	6%		
ШТИ	-1415,0	-1804,4	-1958,2	-2269,1	4%	8%		
П о р т ф е л ь д і к								
инвестициялар	-85,5	-1451,6	-1300,3	-2073,3	0%	6%		
Б а с қ а								
инвестициялар	-3059,0	-3803,3	-7173,4	-9869,7	14%	27%		

О н ы ң				і ш і н д е				
мемлекеттік	-520,5		-110,9	-133,4	-315,1	1%		1%
басқару секторы								
О н ы ң				і ш і н д е				
мемлекеттік емес,	-228,2		-421,7	-1621,1	-2035,0	3%		5%
банк секторы								
Қысқа мерзімді	-180,2	-350,6	-1542,0	-1551,3	3%		4%	
Ұзақ мерзімді	-48,0	-71,1	-79,2	-483,6	0%		1%	
О н ы ң				і ш і н д е				
мемлекеттік емес,	-2310,3		-3270,7	-5418,9	-7519,7	9%		21%
банктік емес сектор								
Қысқа мерзімді	-1634,6	-2184,9	-4087,6	-5672,0	6%		15%	
Ұзақ мерзімді	-675,7	-1085,7	-1331,3	-1847,7	4%		6%	
Қ а т е л е р			ж ә н е		қ а л ы п			
қойғандар	-994,5	-832,3	0,0	-1097,8	7%		2%	
с ы р т қ ы				с а у д а				
айналымынан үлес			-5,2%	-4,0%		0,0%		-3,9%
( т а у а р л а р				ж ә н е				
қ ы з м е т				к ө р с е т у )				

---

Р е з е р в т і к				а к т и в т е р .				
дің өсуі	140,7	384,7	535,1	1533,5				
к а п и т а л д ы ң				ж а л п ы				
ағынынан үлес	0,8%	1,8%	2,1%	4,6%	1%		3%	
<u>А н ы қ т а м а</u>				ү ш і н				
" К а п и т а л д ы ң				ж ы л ы с .				
тауы"	-1143,5	-514,8	-543,3	-1544,1				
т а у а р л а р				ж ә н е				
қызмет көрсету	-10,4%	-4,7%	-4,4%	-9,7%	-9%		-7%	
э к с п о р т ы н а н				ү л е с				
капиталдың жалпы	-6,8%		-2,4%	-2,2%	-4,6%		-6%	-3%
әкелінуінен үлес								
с ы р т қ ы				с а у д а				
айналымынан	-5,9%		-2,5%	-2,4%	-5,5%		-5%	-3%
ү л е с								

Ескерту: 1. Капитал ағындары төлем теңгерімінің барлық плюстерін (әкелу) және минустерін (әкету) жинақтайды, сондықтан да төлем теңгерімінің көрсеткіштерінен айырмашылығы болады.



2. Капиталдың жылыстауы мемлекеттік емес банктік емес сектордың қысқа мерзімді операцияларының таза сальдосы ретінде есептеледі, оған төлем теңгерімінің қателіктері мен қалып қойғандары қосылады.

Төлем теңгерімінің ақпараты бойынша шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ) ағыны өткен бес жылдық кезеңдегі 22%-ға қарағанда 2000-2003 жж. тауарлар, қызмет көрсету импортының орташа алғанда шамамен 36%-ын қаржыландырды. Қайтарылған кірістердің, оның ішінде тікелей инвесторлар кірістерінің үлесі тауарлар, қызмет көрсету экспортына қарағанда 10-12% деңгейінде тұрақты сақталуда. Жеке сектордың қысқа мерзімді операцияларының өсуіне қарамастан, соңғы 3 жылда қысқа мерзімді капиталды әкелу оны әкетудің орнын жабады. Осы ағындар ең алдымен, өндірістік және қаржылық қызметтің нақты жағдайларына байланысты операциялардың басым бөлігін көрсететінін ескере отырып, қысқа мерзімді операциялар үлесінің өсуін алыпсатарлық капитал ретінде біржақты қарастыруға болмайды.

Ұзақ мерзімді капитал бойынша салыстыру тиісті кезеңде әкелудің әкетуден 1,5 есе артқанын көрсетеді. Сонымен бірге, капиталдың жылыстауы 1995-2000 жылдардағы кезеңдегі тиісінше 9% және 6%-бен салыстырғанда 2001-2003 жылдардағы кезеңде орташа алғанда тауар және қызмет көрсету экспортының 7%-ын немесе капиталдың жалпы әкелінуінің 3%-ын құрайды, бұл "капиталдың тұрақтамау" көлемінің біршама төмендегенін көрсетеді.

Тұтастай алғанда, қысқа мерзімді қаржы операциялары үлесінің өсуіне қарамастан, капитал ағындарының құрылымы мейлінше тұрақты. Қазақстанның халықаралық инвестициялық ұстанымының деректері бойынша, Қазақстанның жинақталған сыртқы міндеттемелерінің 60%-ын шетелдік тікелей инвесторлар қамтамасыз етеді. Жиынтық қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесі республиканың сыртқы міндеттемелерінің 6-8%-ы деңгейінде қала отырып, іс-жүзінде өзгермейді. Резиденттер активтерінің құрылымындағы едәуір үлесте Ұлттық Банктің ұзақ мерзімді шетелдік активтері құрайды, ал жеке сектор болса, ұзақ мерзімдіден гөрі қысқа мерзімді сыртқы активтерді жөн көреді.

Орташа мерзімді болашақта ШТИ-дың таза ағынының біршама қысқаруы шетелдік қатысуы бар компаниялардың ұзақ мерзімді заем капиталын тартумен өтелетін болады. Солтүстік Каспийдің жаңа кен орындарын өнеркәсіптік пайдаланудың басталуына байланысты экспорттан түсімдердің көбеюі экономикадағы ішкі жинақ ақшаның өсуін ынталандыра отырып, сол арқылы резиденттердің сыртқы рыноктарға қатысу ауқымдарының өсуіне ықпал етеді.

### **3.2. Валюталық режимді ырықтандыру бойынша жүзеге асырылатын шаралардың тиімділігі**

Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды лицензиялау жөніндегі ақпаратты талдау инвестицияларды жүзеге асыру және жеке тұлғалардың шоттар ашу тәртібін жеңілдету, резидент еместерге банктер беретін кредиттерді лицензиялауды жою, сондай-ақ экспорттан түскен валюта түсімдерін және импорт бойынша орындалмаған аванстық төлемдерді қайтару мерзімін ұзарту (Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасының іс-шараларын жүзеге асыру) 2003 жылы берілген лицензиялар санын екі еседен астам азайтуға мүмкіндік берді (2-кесте).

2 - к е с т е

Операциялардың түрлері	Лицензиялардың саны		
	2001	2002	2003
Инвестициялар, барлығы	59	47	24
жеке тұлғалар	19	20	11
банктік емес заңды тұлғалар	38	26	13
банктер	2	1	0
Кредиттер, барлығы	20	17	26
жеке тұлғалар	0	0	5
банктік емес заңды тұлғалар	14	10	21
банктер	6	7	0
Импорт операциялары бойынша резидент еместерді	1056	1422	556
кредиттеу, барлығы			
жеке тұлғалар	2	0	0
банктік емес заңды тұлғалар	1051	1416	556
банктер	3	6	0
Тауарлар экспортына ақы төлеуге валюталық	366	501	258
түсім алу мерзімінің асып кетуі, барлығы			
жеке тұлғалар	0	0	5
банктік емес заңды тұлғалар	366	501	251
банктер	0	0	2
Зейнетақы активтерін инвестициялау			
(бас лицензия)	2	1	1
Жылжымайтын мүлік құқықтарына ақы	17	26	22
т ө л е у , б а р л ы ғ ы			
жеке тұлғалар	0	1	0
банктік емес заңды тұлғалар	17	25	22

Шоттар ашу, барлығы			57	65	58
жеке тұлғалар			0	8	3
банктік емес заңды тұлғалар			57	56	54
банктер	0	1	1		
Үшінші тұлғалардың шоттарына есептеу, барлығы	0	0	0		
Валюталық құндылықтарды басқаруға беру				сенімгерлік	
Қолма-қол операциялары	шетел	валютасымен		айырбастау	
			144	107	
Қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауда			4	5	
Жиынтығы			1577	2227	1057
жеке тұлғалар			21	29	24
банктік емес заңды тұлғалар			1545	2183	1030
банктер			11	15	3

Берілетін лицензиялардың шамамен 85%-ы резидент еместердің экспорт-импорт мәмілелері бойынша міндеттемелерінің орындалуын кейінге шегеруге байланысты операцияларға тиесілі, олар бойынша жалпы сома лицензияланатын капиталды әкетудің жалпы сомасының 90%-ына жуығын құрайды. Сонымен бірге, бірқатар лицензиялауға жататын операциялар бойынша, атап айтқанда резидент еместерден алынған кредиттерді үшінші тұлғалардың шоттарына есептеуге және валюталық құндылықтарды сенімгерлік басқаруға беруге лицензиялар берілген жоқ, бұл осы нормалардың тиімді болмауын, осы операцияларды жүргізудің басқа мүмкіндіктерінің болуын, не резиденттердің оған мүдделі болмауын білдіреді.

Сонымен бірге, резиденттердің еншілес ұйымдар құруына байланысты валюталық операцияларды ырықтандыру шет елдегі рыноктарда тікелей инвестициялау операцияларын жандандырды. 2003 жылғы 2-жартыжылдықта жүзеге асырылған резиденттердің шетелдік компаниялардың акционерлік капиталына тікелей инвестицияларының жалпы сомасы жылдың бірінші жартысындағы деректерден 3 есе дерлік асты, оның ішінде тіркелген шарттар бойынша операциялар (еншілес ұйымдарға инвестициялар) 2003 жылғы 2-жартыжылдықтағы тікелей инвестициялардың жалпы сомасының 32%-ы болды.

### 3.3. Банк секторының тұрақтылығы

Банк секторының операциялық және рыноктық тәуекелдерге байланысты тұрақтылығын бағалау, тұтастай алғанда, қазақстандық банктердің сыртқы және ішкі конъюнктураның өзгерістеріне тиімді іс-әрекет жасауға қабілетті екендігін көрсетті. Сыртқы қарыз алудың, оның ішінде қысқа мерзімді қарыздың барынша ұлғая түсуіне

қарамастан, 2003 жылы активтер мен міндеттемелердің (шартты міндеттемелерді қоса алғанда) арақатынасы шамалы ғана өзгерді (3-кесте). Сыйақы ставкаларының өзгерістеріне (ГЭП) ұшырайтын банктердің активтері мен міндеттемелерінің көлемін салыстыру банктің пайыздық тәуекелге ұшырауына өзінің бейімділігін біртіндеп азайтуын көрсетеді. Сыйақы алуға (төлеуге) байланысты активтер мен міндеттемелер арақатынасының өзгермегенін ескере отырып, банк жүйесі кірістілігінің спрэдін шамалы ғана азайту теңге нығаюының ықпалын, депозиттерге қарастырғанда кредиттер үлесінің көбеюін, жеке тұлғалардың тартылған депозиттері бойынша ставкалармен салыстырғанда кредиттер бойынша ставкалардың барынша көп төмендеуін көрсетеді. Алайда тұтастай алғанда негізгі банк операцияларынан түсетін кірістік Шығыс Еуропа елдеріндегі кірістіліктен жоғары деңгейде сақталып отыр, ал сыйақы әкелетін активтердің өсуінің жалғасуы болашақта банктердің кірістілігін тұрақтандыруға тиіс.

3 - к е с т е

**Банк секторы тұрақтылығының салыстырмалы көрсеткіштері**

к е з е ң н і ң а я ғы н д а

	2000	2001	2002	2003	
Пайыздық тәуекелге ставкалар ұшырауға өзгерістерінің бейімділігі					
Активтер мен міндеттемелердің мер. зімдерін салыстыру (1 жылға дейін) <sup>1</sup>	0,49	0,47	0,63	0,57	
Қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша ГЭП (90 күнге дейін) <sup>2</sup>	-14%	-12%	-9%	-5%	
Сыйақы маржасы <sup>3</sup>		11%	11	10%	
С п р э д <sup>4</sup>		7 %	7 %	6 %	
Сыйақы есептелетін орташа активтер мен міндеттемелердің қатынасы <sup>5</sup>		113%	109%	109%	
Кредиттердің депозиттерге қатынасы	0,90	0,97	0,98	1,02	
Валюталық бейімділік тәуекелге ұшырауға					
Шетел валютасындағы активтердің үлесі	48%	55%	67%	57%	
Шетел валютасындағы міндеттеме. лердің үлесі		59%	71%	69%	62%
Шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелердің арақатынасы	0,99	1,09	1,09	1,02	

Резидент активтердің үлесі	еместерге				қатысты	
Резидент міндеттемелердің үлесі	еместер				алдындағы	
Экономиканың байланысты бейімділік	нақты тәуекелге				секторына ұшырауға	
Активтердің шоғырлануы	908	924	1058	1081		
оның ішінде шетел валютасындағы	902	945	1050	1116		
Міндеттемелердің шоғырлануы	867	1123	1080	813		
оның ішінде шетел валютасындағы	1114	1673	1681	1337		

2003 жылы теңгенің нығаюы активтер мен міндеттемелерді долларсыздандыруға оң ықпал етті. Тұтастай алғанда, шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелердің арақатынасы жеткілікті түрде тұрақты, яғни валюталық міндеттемелер мен активтердің сәйкес келмеуіне байланысты валюталық тәуекелдің ұлғаюы болмайды. Екінші деңгейдегі банктердің қаражатты ішкі активтерге инвестициялау лимиті ішкі ресурстардың әкетілуін шектейді. Сонымен қатар, банктер ішкі активтермен, әсіресе әлемдік төмен пайыздық ставкалар және теңгені нығайту жағдайында - ішкі активтерге, тең бірлікте орналастырудың белгіленген лимиті кезінде жұмыс істеуді артық санауда, 01.01.2004 жылы нақты коэффициент 1,39 болды.

Херфиндаль-Хиршман индексі тұтастай алғанда, экономикалық қызмет түрлері бойынша шоғырланудың бірқалыпты екенін көрсетеді <sup>7</sup>, сонымен бірге міндеттемелерді шоғырландыру деңгейі активтерді, әсіресе шетел валютасымен көрсетілгендерін шоғырландыру ұлғайған кезде төмендейді. Сонымен қатар банк секторы экспортқа бағдарланған кәсіпорындардың қаржылық жай-күйіне қарағанда ауыл шаруашылығындағы, саудадағы, құрылыстағы және қаржы делдалдығы секторындағы жағдайларға көбірек тәуелді болады. Осылайша, ішкі факторлар, әлемдік пайыздық ставкалар әлемдік тауар рыноктарындағы ахуалға қарағанда банк секторының қаржылық жай-күйіне барынша ықпал етеді.

1 Банктер активтерінің міндеттемелерге арақатынасы (шартты міндеттемелерді қ о с қ а н д а )

2 Сыйақы ставкаларының өзгерістеріне ұшыраған банк активтері мен міндеттемелерінің көлемін жиынтық қаржы активтерімен салыстыру

3 Банк жүйесінің орташа активтеріне (екі жылда) сыйақы алуға байланысты кіріс

4 СПРЭД = (сыйақы әкелетін орташа активтерге сыйақы алуға байланысты кірістердің қатынасы, минус сыйақы төлеуге байланысты шығыстар пайда болатын

орташа міндеттемелерге сыйақы төлеуге байланысты шығыстардың қатынасы)

5 2003 жылғы қыркүйектің аяғындағы жағдай бойынша орташа активтер мен міндеттемелер жылдық есептеуде түзетілген

6 Экономика секторы бойына активтер мен міндеттемелердің шоғырлануын көрсететін индекс - Херфиндаль-Хиршман индексі

7 Индекстің мәні мынадай шектерде болған кезде ( $1000 < I_h < 1800$ ) рынок бірқалыпты шоғырландырылған болып есептеледі.

### 3.4. Макроэкономикалық ахуалдың сыртқы факторларға тұрақтылығы

Валюталық режимді ырықтандыру макроэкономикалық дамудың тұрақтылығы тұрғысынан қарағанда егер ұлттық валютаның қалыптасқан айырбас бағамы нақты ішкі және сыртқы тепе-теңдік жағдайларына сай келмесе, жағдайдың тұрақсыздығы тәуекелімен қоса жүреді. Атап айтқанда, капиталдың әкетілуін ырықтандыру жағдайында ұлттық валютаның нақты құнын, бірдей жағдайлар бойынша ішкі пайыздық ставкаларды және ақша-кредиттік реттеу органдарының валюталық рыноктағы алыпсатарлық көңіл-күйді тепе-тең реттеу қабілетін бағалау, әсіресе жағымсыз сыртқы күйзеліс жағдайында ерекше маңызды.

#### Сыртқы факторлардың макроэкономикалық ахуалға ықпалын сипаттайтын индикативтік көрсеткіштер <sup>8</sup>

4 - к е с т е

				2 0 0 1	2 0 0 2	2 0 0 3
Теңгенің долларға орташа номиналдық айырбас бағамының өзгеруі (теңге 1 доллар үшін)				3,2%	4,5%	-2,6%
Теңгенің нақты тиімді бағамы индексінің өзгеруі, кезең ішінде орташа алғанда <sup>9</sup>				-0,7%	-5,0%	-5,4%
Теңгенің долларға нақты бағамы индексінің өзгеруі, кезең ішінде орташа алғанда <sup>10</sup>				2,1%	0,3%	7,1%
Өнім бірлігіне еңбек шығыны көрсеткішінің өзгеруі, кезең ішінде орташа алғанда				-16,3%	-10,6%	-11,6%
Экспорттың орташа келісім-шарт бағасының						

өзгеруі, кезең ішінде орташа алғанда	<sup>11</sup>	-9,0%	-3,0%	19,0%
Импорттың орташа келісім-шарт бағасының өзгеруі, кезең ішінде орташа алғанда	<sup>12</sup>	4,1%	-4,6%	4,8%
АҚШ-тың және Қазақстанның МБҚ-ның пайыздық ставкалары арасындағы спрэд, орташа алғанда		1,7%	3,3%	4,4%
Кезең аяғындағы жалпы халықаралық активтерге М 2 , %		89,30	101,80	96,70
Жиынтық халықаралық резервтер, аяғында, млн. долл.		2508	3141	4962,1
тауарлар мен қызмет ай бойынша көрсету импорты,		2,9	3,3	4,5
қысқа мерзімді сыртқы борыштың орнын жабу		2,17	1,71	1,76

Нақты айырбас бағамына байланысты жағдай резиденттер нақты айырбас бағамы өзгеруінің болжамдылығы мен тұрақтылығына қарағанда бағаның өсу қарқынының болжамдылығы мен тұрақтылығына көбірек сенімді болған кезде нақты болуы мүмкін экономиканың долларлануын төмендетудің негізін қалайтын тетікті тиімді іске асыруға мүмкіндік береді.

Тәуекелсіз активтер бойынша пайыз бен Қазақстанның мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша айырбас бағамының өзгеруіне түзетілген проценттік ставкалар арасындағы спрэд 1998-99 жылдардағы 10-11%-бен салыстырғанда кезең ішінде орташа алғанда 3%-ға дейін қысқарды. Осылайша ұлттық валюта қымбаттаған жағдайда ел тәуекелінің төмендеуі Қазақстан Республикасына капиталдың тұрақты әкелінуіне жағдай жасайды.

Тұтастай алғанда Ұлттық Банктің халықаралық резервтерінің деңгейі белгіленген айырбас бағамы режимі бар елдер үшін де жеткілікті болып табылады, бұл алыпсатарлық көңіл-күйді тиімді басқаруға және сыртқы конъюнктураның өзгеруіне уақтылы көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

8 Көрсеткіштерді Ұлттық Банк есептеген

9 Индекстің төмендеуі ұлттық валютаның нақты құнсыздануын білдіреді

10 индекстің өсуі ұлттық валюта бағамының көтерілуін білдіреді

11 Индекстер алдыңғы 3 жылдық кезеңнің үлес салмағы пайдаланыла отырып, кеден статистикасының деректері негізінде есептелген

12 қазақстанның МБҚ-ның проценттік ставкалары өткен кезең үшін жылдық есептеуде долларға қарағанда теңге бағамының өзгеру қарқынына қарай түзетілді.

### **3.5. Валюталық режимді ырықтандыру жағдайларындағы ақша-кредит саясаты**

Ақша-кредит саясатының тиімділігін бағалаудың жалпыға бірдей моделіне сәйкес ("сыйыспаушылық үшбұрышы") мақсатты өлшемдерді таңдаудың үш балама нұсқасы б а р :

1) ақша-кредит саясатының негізгі мақсатты көрсеткіші ретінде айырбас бағамын таңдаған кезде капиталды барынша жұмылдыру (белгіленген айырбас бағамының түрлі р е ж и м д е р і ) ;

2) инфляцияның төмендеуіне, не экономикалық өсуге жағдай жасауға бағдарланған дербес ақша-кредит саясатын сақтай отырып, капитал қозғалысына шектеулер қоймау ( е р к і н өзгермелі айырбас бағамының режимі);

3) ақша-кредит саясаты капитал қозғалысына шектеулерді сақтай отырып, сонымен қатар айырбас бағамының белгіленген деңгейіне және инфляцияның төменгі қарқындарына қолдау жасауға бағдарланған (аралық режимдер).

Инфляциялық таргеттеу қағидаттарына көшу бағалардың мақсатты өсу қарқындарына қол жеткізуге бағытталған дербес ақша-кредит саясатын жүргізуді болжайды. Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың тұжырымдамасында және осы Бағдарламада ақшаның толық айырбасталуын қамтамасыз ету бағыты айқындалған. Осылайша, ақша-кредит саясатының негізгі б а ғ ы т т а р ы а й қ ы н б е л г і л е н г е н .

Қазақстан экономикасындағы мынадай жағдайлар Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногындағы саясатының міндеттерін айқындайды:

экономиканың әлемдік тауарлар рыногындағы ахуалға едәуір тәуелділігі, экономиканың қаржы және нақты секторларын долларландырудың біршама жоғары д е ң г е й і ,

ішкі валюта рыногының біршама жоғары дәрежеде шоғырлануы, мерзімді қаржы құралдарының дамыған рыногының болмауы, валюта бағамының күрт өзгеруіне халық күтулерінің сезімталдығы.

Осы факторлар негізгі мақсаты алыпсатарлық күрт ауытқуларды жұмсарту болатын Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногына шектеулі қатысуының қажеттігін айқындайды. Мұндай саясаттың дұрыс екендігі объективті түрде дәлелденді және оны Ұлттық Банк жалғастыратын болады. Сонымен қатар, айырбас бағамына қатысты Ұлттық Банк жүзеге асыратын саясат жоғарыда келтірілген модельмен және мынадай себептерге



байланысты капиталды жұмылдыру жағдайларында инфляцияны таргеттеуді таңдап алған елдердің халықаралық тәжірибесімен толық келісіледі:

айырбас бағамының алыпсатарлық ауытқуларын жұмсартудың қысқа мерзімді әсері болса және айырбас бағамын өзгертудің мақсатты бағытын белгілеуге жол берілмесе, не оның ұзақ мерзімді трендін түзетпесе, инфляциялық таргеттеу баға өзгерісінің ұзақ мерзімді мақсатты өлшемдеріне қол жеткізуге бағытталатын болады. Осылайша ұзақ мерзімді қайшылықтар орын алмайды;

жоғарыда келтірілген талдау капитал ағындары құрылымының барынша тұрақты екендігін және капиталдың қысқа мерзімді ағындары қысқа мерзімді перспективада ақша-кредит саясатының дербестігіне айтарлықтай қауіп тудырмайтынын көрсетеді.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 шілдедегі N 753 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың тұжырымдамасына сәйкес трансмиссиялық тетікті әзірлеу және мақсатты деңгейлерге қол жеткізу рәсімдерін айқындау көзделіп отыр. Шығыс Еуропа, Латын Америкасы мен басқа елдердің операциялық және мақсатты көрсеткіштерді таңдау жөніндегі тәжірибесі, әсіресе операциялық индикатор ретінде проценттік ставка мен айырбас бағамның комбинацияларын көрсететін Монетарлық Шарттар Индексін белгілеу практикасы зерделенетін болады.

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың тұжырымдамасы Ұлттық Банктің реттеуші мүмкіндіктерін ұлғайтатын жаңа қаржы құралдарын дамытуды және ақша-кредит саясатының қолда бар құралдарын дамытуды болжайды, бұл қаржы рыногының икемділігін арттырады әрі оған тән бірқатар тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді. Валюталық режимді кезең-кезеңімен ырықтандыру осы іс-шараларды жүзеге асыруға негіз жасайды, бұл кейіннен Ұлттық Банктің, тіпті қысқа мерзімге болса да, валюта рыногына қатысу дәрежесін азайтуға ықпал ететін болады.

Қорытынды: Қазақстанның экономикалық дамуын талдау валюталық режимді неғұрлым белсенді ырықтандыру мен ұлттық валютаны ағымдағы және күрделі операциялар бойынша 2007 жылы толық айырбастауға көшіру үшін қажетті жағдайлар жасалғанын көрсетеді. Өнімділіктің артуы және әлемдік тауар рыноктарындағы тұрақты жоғары бағалар, экономиканың долларсыздануы, жауапты бюджет саясаты және халықаралық резервтердің жеткілікті деңгейі, сондай-ақ қаржы секторының тұрақтылығын арттыру үшін жүргізілетін саясат жағдайларында нақты айырбас бағамының тұрақты серпіні Қазақстан экономикасы ұшырайтын ықтимал сыртқы күйзелісті тиімді жұмсартуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар индустриалдық-инновациялық дамыту саясатын іске асыру, экономиканы, әсіресе қызмет көрсету секторын монополиясыздандыру, қаржы секторын реттеудің халықаралық стандарттарына өту және әкімшілік режимді одан әрі жеңілдету капитал қозғалысына қойылатын шектеулерді жоюдан болатын оң әсерді тиімді түрде іске асыруға мүмкіндік береді.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Осы Бағдарламаның негізгі мақсаты валюталық операцияларды жүргізуге шектеулерді кейіннен жою және 2007 жылдан бастап ұлттық валютаның толық айырбасталуына көшу үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Осы мақсатты негізге ала отырып, Бағдарлама мынадай міндеттерді шешуге бағытталады:

1. Валюталық реттеу мен бақылау режимін оңтайландыру:

1) валюталық заңнаманың қайталанатын талаптарын жою - егер бастапқы мәміле валюталық заңнаманың талаптарына сәйкес жүзеге асырылса, кейінгі валюталық операцияларды жүргізуге қойылатын шектеулерді бар мүмкіндігінше жою. Мысалы, егер резидент резидент еместен белгіленген тәртіппен тіркелген тартылған кредит бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде қаражат есептеу үшін шет елде шетелдік банкте шот ашатын болса, онда мұндай жағдайда шотты ашуға лицензия алу талап етілмейді;

2) егер операциялармен қоса жүретін тәуекелдер және оларды жүргізу тәртібі пруденциалдық қадағалаумен және құқықтың басқа салаларының, атап айтқанда банк, сақтандыру заңнамасының және бағалы қағаздар рыногы және зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңнаманың нормаларымен тиімді реттелетін болса, валюталық заңнаманың қаржылық ұйымдардың валюталық операцияларды жүргізу тәртібін реттейтін нормаларын алып тастау.

2. Ырықтандырудың екінші кезеңі шеңберінде ұзақ мерзімді тұрақты сипаты бар капиталдың, ең алдымен тікелей инвестициялар мен заемдардың әкелінуі мен әкетілуіне қатысты валюталық реттеудің режимін теңестіру.

3. Валюталық операцияларды жүргізген кезде тәуекелдерді хеджирлеу құралдарын неғұрлым белсенді пайдалану үшін жағдайлар жасау. Валюталық реттеу жүйесі сыртқы экономикалық операцияларға қатысушылардың хеджирлеу стратегиясын іске асыруына кедергі жасамауға тиіс.

4. Ақша-кредит саясатының мақсаттарына және Қазақстан экономикасы ұшырайтын сыртқы күйзелістерді реттеуге байланысты шетел валютасына сұраныс пен ұсынысты реттеу құралдарын одан әрі жетілдіру үшін жағдайлар жасау.

5. Қаржылық ұйымдардың валюталық операцияларын реттеу мен қадағалаудың халықаралық қағидаттарына толық өтуді қамтамасыз ету. Осы міндетті жүзеге асыру валюталық операцияларды жүзеге асыруға байланысты тәуекелдерді реттейтін қаржылық қадағалау стандарттарын жетілдіру үшін жағдайлар жасауды болжайды.

#### **5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі**

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін негізге ала отырып, Бағдарламаны іске асырудың мынадай бағыттары ерекшеленеді:

1. Ішкі және сыртқы тәуекелдерді сандық және сапалық бағалау. Орталық банкке тәуекелдер, ағымдағы экономикалық жағдай және оны дамыту перспективалары мен ақша-кредит саясаты бойынша дер кезінде бірдей шешімдер қабылдау туралы объективті мәлімет алуға мүмкіндік беретін көрсеткіштер жүйесін құру.

2. Қазіргі кезде қолданылатын валюталық шектеулер мен тәуекелдерді реттеу тетіктерінің тиімділігін бағалау негізінде валюталық операциялар жүргізуге қойылған шектеулерді біртіндеп жою. Пруденциалдық және қаржылық қадағалау шараларын, ақша-кредиттік және валюталық реттеу шараларын, валюталық операциялардың жекелеген субъектісі деңгейінде тәуекелдерді, қаржы секторының және тұтастай алғанда экономиканың тәуекелдерін тиімді басқаруды іске асыру тұрғысынан алғанда жетілдірілуі қажет қаржы рыногы құралдарын талдау және валюталық режимді толық ырықтандыруға бағыттау.

3. Валюталық заңнаманың нормаларын және Қазақстан үшін неғұрлым мақсатқа сай болып табылатын халықаралық практикаға сәйкес 2007 жылдан кейін сақталуға тиісті валюталық операцияларды жүргізу тәртібіне қойылатын талаптарды айқындау.

## **5.1. Тәуекелдерді сандық және сапалық бағалау**

1. Халықаралық Валюта Қорының валюталық режимді ырықтандыру мәселелері бойынша техникалық көмек миссиясы сыртқы күйзеліс индикаторларын ішкі қаржылық сектордың жай-күйі және оның сыртқы конъюнктураның жағымсыз дамуына әсер ету қабілеті туралы бірдей мәлімет алуға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді; капитал ағыны және оны пайдалану, валюталық активтер мен пассивтердің құрылымы жөніндегі жан-жақты ақпаратты қамтитын ерте хабардар ету индикаторлары жүйесін құру қажеттігін бірнеше рет атап көрсетті. Бұл жүйе капитал қозғалысына әкімшілік шектеулерді жою жағдайында ақша-кредит саясатын неғұрлым тиімді жүргізуге мүмкіндік береді және Ұлттық Банктің инфляциялық таргеттеудің классикалық жүйесіне көшуін қамтамасыз етеді.

2. Дамыған және дамушы елдердің тәжірибесі экономикалық даму, қаржылық тұрақтылық және қаржы рыногының субъектілері мен олардың клиенттеріне кәсіби талдау ақпараттарын беру тұрғысынан алғанда қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау мәселелерін кеңінен жария ету мен үрдістерін талдау қажет екендігін көрсетеді. Осы мақсатта бірқатар орталық банктер пруденциалдық реттеу, сол сияқты макроэкономикалық факторлар, ішкі және сыртқы тәуекелдер тұрғысынан қарағанда қаржылық сектордың барлық аспектілері жан-жақты талданатын қаржылық тұрақтылық жөніндегі есепті тұрақты жариялап отырады. Осы практиканы сондай-ақ Қазақстанда да іске асырған жөн.

## **5.2. Валюталық операциялар жүргізуге қойылатын шектеулер жүйесін жетілдіру**

### **5.2.1. Валюталық операциялар жүргізуге қойылатын шектеулердің нысандары (әлемдік практика)**

Валюталық реттеудің әлемдік практикасы валюталық шектеулердің екі негізгі нысанын бөліп көрсетеді:

1. Лимиттеу арқылы тікелей әкімшілік бақылау, тікелей әкімшілік тыйым салу мен валюталық операциялар жүргізуге жеке рұқсаттар (лицензиялар) беру. Рұқсат беру рәсімі нысандандырылған (барлық қажетті құжаттары болған кезде нысандық белгілері бойынша лицензия беру) не дискретті (рұқсат нақты жүргізілетін операцияның экономикалық тиімділігін, мәміленің айқындылығын, өтініш берушінің адал ниетін бағалау негізінде беріледі) сипатта болуы мүмкін.

2. Сыртқы экономикалық операцияларға қатысушылардың шешім қабылдауына ықпал ететін жанама құралдарды қолдану. Жанама құралдар мәміле сомасының белгілі бір бөлігін белгілі мерзімге резервтеу режимін орнату не егер операция белгіленген мерзімнен бұрын аяқталса, мәміленің белгілі бір пайызын алуға негізделеді (валюталық операцияларға салық). "Чили салығы" ретінде белгілі валюталық операцияларға салынатын салық автономды ақша-кредит саясатын қолдау және алыпсатарлық қысымды тоқтату мақсатында қысқа мерзімді капиталдың әкелінуіне қатысты жиі қолданылды. Резервтеу режимі мен валюталық операцияларға салық мәні жағынан бірдей, себебі олар операцияның экономикалық құнын өзгертеді. Сонымен қатар бұл капиталды әкелудің/әкетудің барлық ықтимал арналарына қолданылуға тиісті болғандықтан, жеткілікті дәрежеде шығын жұмсау тетігі және оның ішінде нақты өндірістік және қаржылық мақсаттарға байланысты адал ниетті мәмілелерді шектей алады.

### **5.2.2. Қазақстанның қолданылып жүрген валюталық заңнамаға сәйкес валюталық реттеу органы белгілейтін валюталық операцияларға қойылатын шектеулер**

1. Ұлттық Банктің резиденттердің экспорттық операцияларының төлем валютасына шектеу енгізу құқығы. Қазіргі кезде еркін айналыста жүрмейтін валюталармен экспорт операцияларының үлесі 20% шамасында және негізінен ресей рубліне сәйкес келеді. Сонымен қатар, валюталық заңдарда сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың резидент еместермен жасалатын келісім-шарттарында тараптардың қалауы бойынша кез келген есеп айырысу валютасын белгілеу құқығы бекітілген, бұл

көрсетілген нормаға қайшы келеді. Осыған сәйкес, бастапқыда еркін айналыстағы шетел валютасымен валюталық түсімнің түсуін қамтамасыз етуді нысанаға алған осы құқықты сақтау, не қандай да болмасын белгілі бір шетел валютасымен есеп айырысуды шектеу дұрыс емес.

2. Ұлттық Банктің экспорттық валюта түсімін міндетті сату режимін белгілеу құқығы. Стратегиялық маңызы бар инвестициялық жобаларды іске асырумен айқындалатын айрықша құқықтық мәртебеге сәйкес болашақта қажеттілігі нақты емес міндетті сату режимін енгізген жағдайда мұнай-газ саласындағы ірі экспорттаушы кәсіпорындар тарапынан биржаға валюталық түсімнің айтарлықтай қосымша көлемінің түсуі, сөз жоқ, күмәнді. Сонымен бірге, капиталды әкетуге қатысты валюталық режимді ырықтандыру және заңды тұлғалардың шет елдерде шоттар ашуы жөніндегі талаптарды жұмсарту жағдайында мұндай шектеу тиімсіз әрі мақсатқа сай емес.

3. Ұлттық Банктің экономикалық қауіпсіздікте қамтамасыз ету мақсатында жекелеген экспорт-импорт мәмілелері бойынша есеп айырысу нысанына шектеулер белгілеу құқығы. Күмәнді мәмілелерге валюталық бақылауды жүзеге асыру және бартерлік операцияларды барынша азайту мақсатында пайдаланылуы мүмкін. Күмәнді мәмілелерді, ақшаны "жылыстату" жөніндегі операцияларды бақылау және жол бермеу мәселелері тиісті рәсімдер көзделуі қажет арнайы заңнамасының реттеу пәні болғандықтан және қазіргі уақытта сыртқы саудада бартерлік мәмілелер көлемінің аз екендігін ескере отырып, бұл құқық валюталық заңнама арқылы реттеу пәнінен алынып т а с т а л а т ы н б о л а д ы .

4. Валюталық құндылықтарды пайдаланумен байланысты операцияларды лицензиялау. Қазақстанда капиталдың әкетілуіне қатысты лицензиялар берудің нысандандырылған рәсімдері тарихи қалыптасып отыр. Қазіргі жағдайларда бұл жүйе валюталық-қаржылық қатынастарды дамыту деңгейіне сай келуі барған сайын азайып бара жатқандықтан, Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандыру тұжырымдамасына сәйкес валюталық құндылықтарды пайдаланумен байланысты операцияларға қатысты лицензиялау режимін толық жою көзделіп отыр.

### **5.2.3. Қазақстан жағдайында валюталық реттеудің балама рәсімдерінің жарамдылығын бағалау**

Валютаның әкетілуіне, не әкелінуіне байланысты операциялар, сондай-ақ айырбас операциялары бойынша төлем теңгерімінің және ұлттық валютаның тұрлаулылығына қауіп төнген жағдайда қаражаттың белгілі бір пайызын резервтеу режимін белгілеу практикасын не "чили салығын" Қазақстанда пайдалану мынадай себептерге байланысты мақсатқа сай емес:

1. Валютаның әкелінуіне қатысты белгілі бір мерзімге, көбінесе 1 жылға дейінгі мерзімге резервтеуді талап ету (егер шетел капиталы елде бір жылдан аз уақыт болса

операцияларға салық енгізу) егер кредиттер беру, бағалы қағаздарға салу және коммерциялық банктерге салымдарды жүзеге асыру арқылы әкелінуі жүзеге асырылуы мүмкін қысқа мерзімді алыпсатарлық капитал тарапынан нақты қауіп төнсе, өзін өзі ақтаған болып есептеледі. Бұл ретте тіпті Чили жағдайында да осы салық тиімділігін бағалау бірдей емес. Қазақстан жағдайында, ішкі қор рыногындағы операциялар валюта рыногын рыноктың шектеулі өтімділігіне және резидент еместердің мемлекеттік, сол сияқты мемлекеттік емес бағалы қағаздар рыноктарының сегменттеріне ең аз қатысуына қатысты әлсіретуге қабілетті емес. Банктік емес заңды тұлғаларды коммерциялық және қаржылық кредиттеуді қатысты қарастырғанда, әдетте бұл кредиттер нақты мақсаттарға және белгілі бір жобаларға беріледі, ал коммерциялық кредит жағдайында тауарлар жеткізу бойынша міндеттемелер түріндегі нақты активтермен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар Салық Кодексіне егер меншікті капиталдың осындай өсуі болмаса, борыштық капиталды тартудың тартымдылығын азайтатын Жеткілікті Капиталдандыру Ережесі (ЖКЕ) енгізілді. Қысқа мерзімді депозиттерге қатысты шектеу өзінен өзі емес, банктік жүйенің өзінің өтімділігін қолдау қабілеті маңызды. Мұндай жағдайда резервтік капиталды қалыптастыру, активтерді мерзімдері және валюталар бойынша салыстыру, ағымдағы өтімділіктің ең төменгі коэффициенті жөніндегі талаптарға қатысты пруденциалдық реттеу неғұрлым тиімді

б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Сыртқы сауда операциялары бойынша капиталдың әкетілуіне қатысты осы шара көбінесе заңсыз қаражатты шет елге шығаруға бастапқыдан ниет білдіргендерге қарағанда, сыртқы экономикалық қызметке адал қатысушыларға қауіп төндірмеді. Сонымен бірге, оны қолданған жағдайда, кәсіпорындар айналым қаражатының елеулі көлемін тартуға мәжбүр болады. Кредиттерге, бағалы қағаздарға инвестицияларға және қаражатты шет елдегі шоттарға аударуға қатысты кейбір артықшылықтарымен шоттың лимитін белгілей отырып лицензиялау талабы сақталатын болады. Бұдан басқа, қаржы ұйымдарына қатысты капиталдың ауқымды әкетілуін шектейтін пруденциалдық

н о р м а т и в т е р қ о л д а н ы л а д ы .

3. Егер капиталдың ауқымды қысқа мерзімді ағыны валюта рыногының тұрақтылығына қауіп төндірмейтін болса да, елдің ішіндегі қол жетерлік валюта қаражаты алыпсатарлық мақсатқа пайдаланылуы мүмкін деген белгілі бір қауіп бар. Бұл ретте банктерге қатысты алыпсатарлық ықтималдығы валюта позициясының лимитін белгілеумен реттеледі. Банктік емес ұйымдарға қатысты, олардың көпшілігіне алыпсатарлық операциялар тән емес болса да, соған қарамастан, толық ырықтандыруға дейін белгілі бір шектеулер, атап айтқанда, шетел валютасын белгілі мақсатқа сатып алуға және кейіннен сатуға қатысты шектеулер сақталатын болады. Сонымен қатар меншікті валюта қаражаты бар ірі экспорттаушылардың валюталық пассивтері мен активтерін реттеу шешілмеген мәселе қалпында қалып отыр. Олар айырбас бағамында тікелей орын алмаса да, соған қарамастан, шетел валютасын сатуға өтініштер бере

отырып және оны өзінің валюта шоттарында ұстай отырып, валюта рыногына әсер ете алады. Экспорттаушылар валюталық түсімді міндетті түрде сатпаған жағдайларда, валюта рыногына қатысушылардың айырбас бағамының ауқымды алыпсатарлық ауытқуларын Ұлттық Банктің ұстап тұру мүмкіндігін бағалауы неғұрлым маңызды. Шығыс Еуропа елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғандай (атап айтқанда 2003 жылы Венгрияда), валюталық режимді толық ырықтандыру жағдайында Ұлттық Банктің валюта рыногындағы интервенциясы, пайыздық ставкалар саясаты және өтімділікті басқару алыпсатарлық шабуылдарға қарсы жалғыз тиімді әсер ету құралдары болып т а б ы л а д ы .

4. Қолданылып жүрген режим шоттар мен операцияларды оларға айырбастау және қаражат есептеу режимін белгілей отырып бөлуді көздемейтінін ескере отырып, резервке алу режимін немесе чили салығын енгізу шығынды және тиімсіз болып табылады.

#### **5.2.4. Қазақстандағы валюталық операцияларға ұсынылып отырған шектеулер жүйесі**

Заңнамалық нормаларды қолданудың уақытша шеңберіне сәйкес валюталық операцияларды жүргізуге қойылатын шектеулерді алдағы уақытта қолданылатын не 2007 жылға дейін оларды енгізу құқығы көзделетін, яғни күрделі операциялардың шоты бойынша валюталық режим толық ырықтандырылғанға дейін және күрделі шот толық ырықтандырылғаннан кейін де енгізу құқығы сақталатын шектеулер деп шартты түрде бөлуге болады. Қолдану тетіктеріне байланысты валюталық операцияларды жүргізуге қойылатын шектеулерді (1) қолданылып жүрген валюталық реттеу жүйесінен капиталдардың еркін қозғалысының режиміне өтуді қамтамасыз ететін және (2) белгілі бір жағдайларда валюталық реттеу органы ендіруі мүмкін шектеулерге бөлуге болады. Тиісінше валюталық операцияларды жүргізуге қойылатын ықтимал шектеулер жүргізілетін валюталық операциялардың айқындылығын қамтамасыз ететін және күмәнді мәмілелерге жол бермеуге бағытталған, сондай-ақ Валюталық режимді ырықтандыру тұжырымдамасына сәйкес ерекшелік қағидатына сүйене отырып енгізілуі мүмкін шектеулерге бөлінеді. Ерекшелік қағидаты елдің сыртқы төлем қабілеттілігіне және ішкі валюта рыногының тұрақтылығына елеулі қауіп төнген жағдайда шектеулер енгізу мүмкіндігін белгілейді.

1) Қолданылып жүрген валюталық реттеу жүйесінен капиталдардың еркін қозғалысы режиміне өтуді қамтамасыз ететін шектеулер.

Ұлттық Банк капитал қозғалысымен байланысты операцияларға қатысты алдын ала (тараптар міндеттемелерді орындауды бастағанға дейін не ағымдағы валюталық операциядан капитал қозғалысымен байланысты операция санатына өткен сәттен бастап белгілі бір мерзім ішінде) лицензия не тіркеу куәлігін алу талабы бойынша

шектеу енгізуге құқылы. Капитал қозғалысымен байланысты операцияларға қатысты лицензиялау режимін пайдалану құқығы Ұлттық Банкте 2007 жылға дейін сақталады. Статистикалық есеп жүргізудің ақпараттық базасын толық қамтуды және нақтылауды қамтамасыз ету мақсатында тіркеу режимін қолдану мүмкіндігі күрделі шот толық ырықтандырылғаннан кейін де сақталады. Операция жасалғаннан кейін оның жүргізілгені туралы хабарлау режимі валюталық реттеу тұрғысынан алғанда шектеу ретінде қарастырыла алмайды;

2) Жүргізілетін валюталық операциялардың айқындылығын қамтамасыз ететін валюталық операцияларға қойылатын шектеулер.

Тек валюталық операцияларды ғана қамтымайтын жекелеген заңнама шеңберінде күмәнді қаржылық операцияларды бақылау рәсімдерін әзірлеу жобаланатын болғандықтан, осы шектеулер валюталық реттеу құралы болып табылмауы тиіс;

3) Айрықша жағдайлардағы шектеулер.

Халықаралық міндеттемелерді орындау мақсатында және төтенше жағдайлар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің кез келген валюталық операцияларды шектеу немесе тоқтата тұру мүмкіндігі қазіргі уақытта валюталық заңнамада бекітілген. Президенттің төтенше жағдайлар енгізу жөніндегі өкілеттігі Қазақстан Республикасының Конституциясында, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Заңында және "Төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңында айқындалғандықтан, валюта заңнамасының осы нормасына өзгерістер енгізілетін болады.

Айрықша шектеулер енгізу құқығы Қазақстан Республикасының Президентінде сақталатын болады. Тиісті шешім Президенттің Жарлығымен ресімделеді. Бұл жүйе ерекше жағдайларда жедел әсер ету тетігінің оралымдылығын, негізділігін және шынайылығын қамтамасыз етеді. Экономиканың қауіпсіздігіне және қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төнген жағдайда, егер жағдайды экономикалық саясаттың басқа құралымен шешуге болмайтын болса, шектеулер енгізілуі мүмкін. Шектеудің уақытша сипаты болады. Сонымен қатар шектелетін валюталық операциялардың Ұлттық Банктің арнайы рұқсатынсыз жүргізілмейтіні заң жүзінде көзделеді. Арнайы рұқсат операцияларды жүзеге асырмаудың азаматтардың өмірі мен денсаулығына, мемлекеттің қауіпсіздігіне, дипломатиялық қызметті жүзеге асыруға қатер келтіруі мүмкін болған жағдайда, сондай-ақ, егер осы операцияның төлем балансындағы және валюта рыногындағы жағдайды едәуір жақсартуға ықпалын тигізген жағдайда ғана беріледі. Осы норманы валюта заңдарында 2007 жылдан кейін де сақтау қажет.

### **5.3. Валюталық режимді одан әрі ырықтандыру (екінші кезеңнің іс-шаралары)**



### 5.3.1. Резиденттердің шет елдегі инвестицияларын реттеу

Инвесторлардың санаттары. Мәмілеге қатысушы резиденттерді, валюталық операциялардың субъектілерін, яғни, қаражаты есебінен шет елге инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты осы операциялар жүзеге асырылатын резиденттерді жіктеуге сүйене отырып, шартты түрде мынадай санаттарға бөлуге болады:

Қызметі қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты, тартылған қаржы құралдары есебінен инвестицияларды жүзеге асыратын қаржы рыногының субъектілері

о н ы ң і ш і н д е :  
б а н к т е р ,  
с а қ т а н д ы р у ұ й ы м д а р ы ,  
ж и н а қ т а у ш ы з е й н е т а қ ы қ о р л а р ы ,  
и н в е с т и ц и я л ы қ қ о р л а р .

Меншікті қаражаты есебінен шет елге инвестицияларды жүзеге асыратын жеке инвесторлар .

Инвестициялық шешімдер қабылдауды айқындайтын факторлар. Мынадай факторлар тобы шет елге инвестициялардың пайдасына артықшылық жасауы мүмкін:

Факторлардың бірінші тобы бизнесті дамытудың ұзақ мерзімді мүдделерімен айқындалады және заңды тұлғалар - тікелей инвесторларға барынша тән, атап айтқанда :

ресурстық және өндірістік базаны кеңейту және түрлендіру,  
ө т к і з у р ы н о г ы н к е ң е й т у ,  
инвестордың экономикалық мүддесі болатын аумақта тұрақты мекеме құру есебінен резидент еместердің қаржылық немесе коммерциялық операцияларына қатысты түрлі сауда және әкімшілік кедергілерден айналып өту,  
қаржылық және өндірістік ресурстарды неғұрлым қолайлы инвестициялық және салық режимі бар елдерге ауыстыру .

Факторлардың екінші тобын бағалы қағаздардың ішкі рыногында рұқсат етілген құралдармен салыстырғанда шетелдік активтерге салымдардың инвестициялық тартымдылығын бағалау айқындайды. Бұл ретте шетелдік қаржы құралдарының т а р т ы м д ы л ы ғ ы :

салыстырмалы түрде алғанда, неғұрлым жоғары шетелдік нақты пайыздық с т а в к а л а р м е н ,

шетелдік бағалы қағаздар рыногының неғұрлым жоғары өтімділігімен,  
рұқсат етілген қаржы құралдарын неғұрлым ауқымды таңдаумен,  
төмен инвестициялық тәуекелдермен айқындалады.

Ең төменгі ықтимал тәуекел болған кезде онтайлы кірістілік алуға мүдделі портфельдік инвесторлардың барлық санаты үшін жоғарыда аталған факторлар тікелей

Т ә н .

Қаражат аударудың тиісінше әлуетті инвестициялық кірісті азайтатын және инвестицияларды жүзеге асыру ынтасын төмендететін транзакциялық шығындары да маңызды рөл атқарады .

Валюталық заңнаманың шетелдік инвестицияларды реттеу жүйесіндегі рөлі. Инвесторлардың бірінші санаты жүзеге асыратын операциялар (бағалы қағаздарды сатып алу, жарғылық капиталға салымдар) бірінші кезекте қаржы рыногы субъектілерінің қызметін реттейтін заңнаманың және шетел активтерімен операциялар жүзеге асырылған жағдайда валюталық заңнаманың тарапынан реттеу объектісі болып табылады. Осылайша қаржы институттарының қызметін реттейтін заң нормаларының валюталық заңнама алдындағы басымдығын айқындауға болады. Мысалы, егер резидент еместердің қандай да болмасын бағалы қағаздарын сатып алу операциясын банк заңнамасы бойынша жүзеге асыруға болмаса, тиісінше валюталық реттеу органының валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды жүзеге асыруға лицензия беру үшін негіздері болмайды.

Инвесторлардың екінші санатына келетін болсақ, онда валюталық заңнаманың шет елдегі инвестицияларға шектеулері әрқашанда тиімді емес, себебі валюталық қаражатты шет елге шығарудың басқа да арналары бар.

Жоғарыда жазылғандарға сүйене отырып, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды жүзеге асыруға лицензия шын мәнінде валюталық қаражатты шетел активтерін сатып алу есебіне аударуға рұқсат болып табылады және, егер осы операцияларды жүзеге асыру мүмкіндігі арнайы заңнамамен реттелсе, қаржылық ұйымдардың шетел активтерін сатып алуды жүзеге асыруына рұқсат ретінде қарастырылмайды.

2. Шетел активтеріне қойылатын талаптардың тізбесі, инвестициялық портфельдің құрылымы және шет елге инвестициялардың көлемі қаржы институттарының қызметін реттейтін заңнамамен айқындалады және валюталық заңнама тарапынан реттеу пәні болып табылмауға тиіс .

3. Валюталық заңнама тарапынан шектеулер болған жағдайда олар қаржы институттарының қызметін реттейтін заңнаманың нормаларын қайталайды және шетел активтерімен операцияларға шектеулер ретінде қарастырылмайды. Тиісінше, бұл жағдайда валюталық заңнаманың шектеулерін жою капитал әкетілуінің ұлғаюына әкеп соқпауға тиіс .

4. Капиталды шығарудың және шетел активтеріне инвестициялаудың орнықты алғышарттары болған кезде шет елге инвестицияларға валюталық шектеулердің тиімділігі шектеулі және валюталық режимді ырықтандыру процесінде одан әрі төмендей бастайды. Мемлекеттің экономикалық саясаты капитал ағынын шектеуге емес, оның ішінде экономикалық мақсатқа сай болуға негізделген, капиталдың " тұрақтамау" себептерін жоюға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар көбінесе шектеулердің

өзі операцияларды жасыруға және белгіленген шектеулерді айналып өтуге мүмкіндік жасайтындықтан капиталдың рұқсат етілмеген "жылыстауын" одан да көбірек туындатуға қабілет.

### **5.3.1.1. Шет елге инвестицияларды реттейтін заңнаманың қолданылып жүрген нормаларын талдау**

Қаржылық ұйымдардың инвестицияларын реттеу. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған пруденциалдық нормативтерде (активтерді түрлендіру дәрежесіне қойылатын талаптар) шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарына салымдардың көлемі сақтандыру ұйымының активтері сомасының 30%-нан аспайтыны көзделеді. Бұл ретте инвестициялау объектілері халықаралық қаржылық ұйымдардың жоғары өтімді және төмен тәуекелді бағалы қағаздарымен және инвестициялық кредит рейтингі бар бағалы қағаздармен шектелген.

Осылайша, резидент еместердің зейнетақы активтерін орналастыруға болатын бағалы қағаздарының ең жоғары ықтимал үлесі портфельді түрлендіру жөніндегі талаптар ескеріле отырып, инвестициялық рейтинг деңгейіне байланысты 40%-дан аспауға тиіс. Тиісінше, тартылған зейнетақы активтері есебінен резидент еместердің бағалы қағаздарына инвестициялар қолданылып жүрген валюталық заңнамаға сәйкес л и ц е н з и я л а у ғ а ж а т п а й д ы .

Банктердің брокерлік-дилерлік қызметі банктік заңнамаға сәйкес "Standard & Poor's" немесе "Fitch" рейтинг агенттіктерінің "А-дан" төмен емес немесе "Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің "А2-дан" төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді тәуелсіз рейтингі бар елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен ғана рұқсат етілген. Банктердің дилерлік қызмет шеңберіндегі инвестициялары валюталық заңнамаға сәйкес лицензиялаудан алынып тасталған. Сонымен қатар, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заңды тұлғалардың акцияларын Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының ең жоғары санаттағы тізіміне енгізу шартымен ғана, сонымен бірге заңды тұлға қаржы рыногы инфрақұрылымының бөлігі және(немесе) банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін автоматтандыруды іске асыратын жағдайда, банктердің резидент емес заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуына болады. Банктердің шет елдегі еншілес ұйымдарын, филиалдарын және өкілдіктерін уәкілетті органның келісімімен ғана құруға болады. Банктерге арналған пруденциалдық нормативтерде меншікті капиталдың жеткілікті болу өлшемдерін есептеу кезінде ескерілетін тәуекел дәрежесі бойынша бағалы қағаздарды егжей-тегжейлі жіктеу көзделеді. Сондай-ақ, Ұлттық Банк Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысымен бекітілген Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру

тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес банктер меншікті және тартылған қаражаттарын есепті ай ішінде ішкі активтердің (Қазақстанның резиденттеріне қойылатын ақшалай талаптар және Қазақстан аумағында орналасқан мүлік) орташа айлық өлшемінің төленген жарғылық капиталдың, реттелген борыштың сомасына және ішкі міндеттемелердің (Қазақстан резиденттерінің алдындағы) орташа айлық өлшеміне арақатынасы кемінде 1 болатындай етіп орналастыруға міндетті. Банктердің Нұсқаулықтың ішкі активтерді қалыптастыруға талаптарын сақтау мақсаты банктер мен олардың салымшыларының банктердің халықаралық активтік операцияларды жүргізуіне байланысты елдік тәуекелге ұшырауын шектеу болып табылады.

Осылайша, банктердің, сақтандыру компанияларының, зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін қолданылып жүрген заңнамада шетел активтеріне инвестициялаудың көлемі мен тәуекелін шектейтін нормалар бар.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін қолданылып жүрген заңнамада арнайы мүмкіндіктер айқындалмаған және шетел активтеріне инвестициялардың мөлшеріне қатысты талаптар, пруденциалдық н о р м а т и в т е р б е л г і л е н б е г е н .

Инвестициялық қорларға қатысты - олар инвестицияларды бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары болып табылатын инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар арқылы ғана жүзеге асыруға құқылы болады. Өзірленіп жатқан заңнамаға сәйкес инвестициялық қорлардың инвестициялық декларациясы уәкілетті органмен келісілуі тиіс. Сонымен қатар заңда резидент еместердің бағалы қағаздарына инвестициялау көлемі бойынша шектеулер болуға тиіс. Тиісінше басқарушы компаниялардың резидент еместердің бағалы қағаздарына инвестициялық қорлардың қаражаты есебінен инвестицияларына қойылатын талаптар валюталық режим толық ырықтандырылғанға дейін валюталық заңнамада сақталатын б о л а д ы .

Резиденттердің шет елге инвестицияларына қатысты валюталық заңнама. Ырықтандырудың бірінші кезеңін іске асыру шеңберінде мынадай валюталық операциялар лицензиялаудан алынып тасталды:

1. Шетелде, Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымдары (ЭЫДҰ) елдерінде, сондай-ақ Қазақстанмен инвестицияларды өзара ынталандыру және қорғау туралы келісім жасалған және бекітілген елдерде еншілес ұйымдар құру (яғни, резидентке акциялардың 50 және одан көп пайызы тиесілі болғанда).

2. "Fitch" және/немесе "Standard & Poor's" агенттіктерінің А-дан төмен емес немесе "Moody's Investors Service" агенттігінің А2-ден төмен емес рейтингі бар резидент еместердің бағалы қағаздарын бағалы қағаздар рыногының қазақстандық кәсіби қ а т ы с у ш ы л а р ы а р қ ы л ы с а т ы п а л у .

Сонымен қатар, халықаралық қаржылық ұйымдар эмиссиялаған бағалы қағаздарға

резиденттердің инвестициялары банктердің дилерлік қызметі шеңберінде де лицензиялауға жатпайды.

### **5.3.1.2. Валюталық режимді ырықтандырудың екінші кезеңінің жағдайында шет елге инвестицияларды валюталық реттеу міндеттері**

1. Ұзақ мерзімді сипаты бар валюталық операцияларды ынталандыру мақсатында инвестицияларды портфельдік және тікелей инвестицияларды реттеу тәсілдерін бөлу және тікелей инвестицияларға қатысты ең жоғары қолайлы режимді қолдану қажет <sup>13</sup>.

2. Тікелей инвестициялаудың ірі мәмілелері бойынша және портфельдік инвестициялар бойынша жеткілікті ақпарат базасын қамтамасыз ету.

3. Инвестициялық операциялар бойынша капиталдың әкетілу көлеміне әсер ету құралдарын сақтау тұрғысынан алғанда бір жағынан және инвестициялық портфельді түрлендіру және икемді инвестициялық саясатты жүргізу үшін инвесторларды ең жоғары мүмкіндікпен қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда, екінші жағынан, шет елге портфельдік инвестицияларды валюталық реттеу тетіктерін жетілдіру. Осы кезеңде портфельдік инвестицияларды толық ырықтандыру дұрыс емес. Шет елге инвестициялар жасауға арналған арнайы (банктік, сақтандыру, бағалы қағаздар рыногы туралы) заңнаманың шектеулері сақталған кезде валюталық заңнаманың жеке инвесторлардың инвестициялары бойынша барлық шектеулері алынып тасталған жағдайда, ішкі ресурстардың неғұрлым өтімді рыноктарға, мысалы Ресей қор рыногына кетуі орын алуы мүмкін.

4. Валюталық заңнама тарапынан қаржы рыногы субъектілерінің мақсатқа сай емес реттеу функцияларын қайталауды жою.

<sup>13</sup> Тікелей инвестициялар халықаралық жіктеуге сәйкес шетелдік заңды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде айқындалады, соның нәтижесінде инвесторға дауыс беретін акциялардың (қатысушылар дауысының) 10 және одан көп пайызы тиесілі болады.

### **5.3.1.3. Шет елге инвестицияларға қатысты валюталық реттеу нормаларын ырықтандырудың ұсынылып отырған шаралары**

Ырықтандырудың екінші кезеңінде қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында мынадай шараларды жүзеге асыру қажет:

1. Барлық қаржылық емес ұйымдардың шет елге тікелей инвестицияларын лицензиялауды жою. Шет елге тікелей инвестициялаудың ірі операцияларын жүзеге

асыру шарттары туралы нақтыланған ақпаратты алу мақсатында белгілі бір шектен асып кеткен тікелей инвестициялар Ұлттық Банкте тіркелуге жататын болады. Құны шектен асып кеткен жағдайда тіркелуге жататын тікелей инвестициялар сыртқа шығару үшін рұқсат етілген қолма-қол шетел валютасының сомасы ескеріле отырып құн шегі 10 мың АҚШ доллары деңгейінде белгіленеді.

2. Банктер және сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын шет елге инвестицияларды лицензиялауды жою. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың инвестициялары қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес лицензиялаудан алынып тасталған. Екінші деңгейдегі банктердің резидент еместердің акцияларын сатып алуы Ұлттық Банкке хабарлануға жататын болады.

3. Қалған барлық инвесторлар бағалы қағаздар рыногының қазақстандық кәсіби қатысушылары арқылы жүзеге асыратын шет елге портфельдік инвестицияларға арналған біржолғы лицензияларды жою.

4. Брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыратын, инвестициялық портфельін, оның ішінде инвестициялық қорлардың, басқарушы ұйымдардың шет елге инвестицияларды жүзеге асыруына қажетті біліктілік талаптарын белгілей отырып операциялық лицензиялар беру жүйесіне өту. Операциялық лицензиялар жүйесіне өтудің біржолғы лицензиялар берудің қолданылып жүрген рәсімдерінен айырмашылығы, ол инвесторларға портфельдің құрылымын неғұрлым ыңғайлы етуге, мерзімді мәмілелерді, қосымша шектеулер қоймай ыңғайлы негізде туынды қаржы құралдарымен жасалатын операцияларды пайдалануға мүмкіндік жасайды. Тәуекелдер жүргізілетін операциялардың көлемімен шектеледі.

5. Резиденттердің шетелдік брокер арқылы, жүзеге асыруы үшін резиденттің брокерде шот ашуы тиіс инвестициялары брокерлік қызмет көрсетуге, атап айтқанда шот бойынша қаражатты есепке алуға және пайдалануға арналған лицензияланатын шартқа қатысты белгіленетін біліктілік талаптар арқылы реттеледі.

6. Шет елге инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты барлық өзге валюталық операциялар қолданылып жүрген валюта заңнамада белгіленген тәртіппен лицензиялануға жатады, яғни бір жолғы лицензия алу талабы қолданылады.

#### І с - ш а р а л а р :

1) брокерлік-дилерлік қызметті және инвестициялық қорлардың инвестициялық портфельін басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың активтерінен алынатын, соның шеңберінде өздері алған операциялық лицензияларға сәйкес резидент еместердің бағалы қағаздарымен операцияларды жүзеге асыруға құқылы үлесті бағалау қажет. Біліктілік талаптары резидент еместердің бағалы қағаздарымен жасалатын операциялардың қазіргі көлеміне қарағанда неғұрлым шектеулі болмауы тиіс;

2) "Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңының жобасы тәуекелді инвестициялау қорларын құру мүмкіндігін жеке айқындайтын болғандықтан, осы қорлар үшін резидент еместердің бағалы қағаздарына

инвестициялауға лицензиялар бойынша неғұрлым қолайлы біліктілік талаптарын белгілеудің дұрыс екенін бағалау қажет;

3) бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет шеңберінде банктер инвестицияларды жүзеге асыра алатын, сондай-ақ басқа қаржы ұйымдарының инвестициялары бойынша резидент еместердің бағалы қағаздарының тізбесін одан әрі кеңейту мүмкіндігін бағалау қажет;

4) валюталық заңнаманың 2007 жылдағы шет елге инвестицияларға шектеулері толық жойылғанға дейін қаржы құралдарының ауқымды тізбесін ұсынатын қаржы құралдарының өтімді ішкі рыногын құру жөніндегі жұмысты жандандыру қажет.

### **5.3.2. Шет елдегі шетелдік банктерде шоттар ашу**

1. Заңды тұлғалардың шет елдегі филиалдары мен өкілдіктерінің қызметін реттеуді жеңілдету мақсатында шет елдегі шетелдік банктерде филиалдар мен өкілдіктерді ұстауға байланысты операциялық шығыстарды қаржыландыру мақсаты үшін ашылатын шоттарды лицензиялау жойылады. Филиалдар мен өкілдіктердің лицензиясыз ашылатын шоттарына қатысты осы шоттарға байланысты жүзеге асырылуы мүмкін операциялардың түрі бойынша талаптар және Ұлттық Банкте (аумақтық филиалда) тіркеу талабы енгізілетін болады.

2. Егер шоттың міндетті болуы кредиттік шарттың талаптарымен айқындалса, заңды тұлғаларға резиденттердің тартылған, Ұлттық Банкте тіркелетін кредиттер мен қарыздар бойынша резидент еместердің алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету ретіндегі қаражатты есепке алуға арналған шоттар ашуды лицензиялау жойылатын болады. Қарыз шарты бойынша кредиттер мен шоттар бойынша осы валюта ағындарының мониторингі кредиттер мен қарыздарды тіркеу рәсімі шеңберінде жүзеге асырылады.

3. Бірқатар елдің заңдары құрылтайшының банктегі шотына кәсіпорын құруға арналған белгілі бір ақша сомасын жинақтауды талап етеді. Тиісінше осы мемлекеттерде кәсіпорындар құру кезінде резидент шот ашуға лицензия алу үшін және инвестицияларды тіркеу (лицензиялау) үшін қайтадан Ұлттық Банкке өтініш жасайды. Осыған байланысты, заңды тұлғалар шет елде кәсіпорындар құру кезінде уақытша шот ашуды лицензиялаудан босатылады. Кәсіпорынды кейіннен құру - резиденттердің тікелей инвестициялары тіркелуге жатады.

4. Кәсіби қатысушылардың және олардың клиенттерінің операцияларына қатысты валюталық реттеуді қайталауды, сондай-ақ қаржылық ұйымдардың қызметін реттеу функцияларын және олар жүзеге асыратын валюталық операцияларды қайталауды жою тұрғысынан алғанда барлық қаржылық ұйымдардың халықаралық бағалы қағаздар рыногында инвестициялау мақсаты үшін шетелдік банктерде және өзге қаржы институттарында банктік шоттар ашуды лицензиялау жойылатын болады. Қолданылып

жүрген заңнама бойынша банктер ғана шет елде кез келген банктік шоттарды  
лицензиясыз ашуға құқылы.

5. Валюталық реттеу және бақылау жүйесін жеңілдету мақсатында лицензиялаудан алып тастау жеке тұлғалардың ЭЫДҰ елдерінде елдің ең төменгі талап етілетін рейтингін белгілеместен ашылған барлық шоттарына қолданылатын болады. Осы операцияларды реттеудің техникалық рәсімдері Ұлттық Банктің аумақтық бөлімшелеріне жүктелгендіктен және 30 елдің 4-нің ғана (Словакия, Мексика, Түркия, Польша) қолданылып жүрген заңдарда белгіленгеннен төмен рейтингі бар екенін ескере отырып, ең төменгі талап етілетін рейтинг туралы талапты жою, шет елге қаражаттың әкетілу тәуекелі шамалы ұлғайғанда валюталық бақылаудың әкімшілік шығарыны азайтады.

Сондай-ақ, егер жеке тұлғалар шет елге келу мақсатын растамастан ҚР-дан уақытша тысқары болса, олар шот аша алады. Шоттар ашуға қатысты жұмыс істеу, оқу, емделу және демалу мақсатында Қазақстан Республикасынан уақытша тысқары жүрген тұлғаларға шоттар ашылған жағдайда қазіргі уақытта қолданылып жүрген кезекті хабардар ету режимі қолданылатын болады <sup>14</sup>.

-----  
14 Егер жеке тұлға шотты ең төменгі талап етілген рейтингі бар ЭЫДҰ елдерінде ашса, жеке тұлға шет елден қайтып келгеннен кейін оны заңдарда белгіленген тәртіппен тіркеуге тиіс. Тіркеу шот ашылғаннан кейін жүргізілгендіктен, ол шын мәнінде кейіннен хабардар ету болып табылады.

### **5.3.3 Капитал қозғалысымен байланысты өзге де валюталық операциялар**

#### **5.3.3.1. Резиденттердің резидент еместерге кредиттер беруі**

Қазіргі уақытта банктердің резидент еместерге кредиттері валюталық заңнамаға сәйкес лицензиялаудан босатылған. Ырықтандырудың екінші кезеңі шеңберінде барлық қаржылық ұйымдардың кредиттер беруі лицензиялаудан алынып тасталады, себебі олардың қызметін реттейтін заңдар осы операцияларды жүзеге асыру тәртібін және талаптарын жеткілікті мөлшерде реттейді.

#### **5.3.3.2. Резидент еместердің пайдасына жылжымайтын мүліктің мүліктік құқықтарына ақы төлеуге арналған аударымдар**

Заңды тұлғалар үшін жылжымайтын мүлікті сатып алу, көбінесе, өкілдіктер мен филиалдардың өндірістік базасын, ұйымын құру немесе кеңейту мақсатында



инвестициялық қызмет шеңберінде жүзеге асырылады. Тиісінше, шет елге тікелей инвестицияларды ырықтандыру жылжымайтын мүліктің мүліктік құқықтарына ақы төлеуге арналған аударымдарды ырықтандырумен бірге жүруі тиіс. Жеке тұлғаларға қатысты айтсақ, оларда шет елге қаражат аударуды жүзеге асырудың әлдеқайда көп ашылмаған мүмкіндіктері бар, бұл шектеудің тиімділігін біршама төмендетеді. Жылжымайтын мүліктің мүліктік құқықтарын резидент еместердің беруіне байланысты резидент заңды тұлғалардың белгіленген ең төмен құн шегінен асатын операциялары тіркеуге жатады. Жылжымайтын мүліктің мүліктік құқықтарына ақы төлеу үшін резидент еместерге жеке тұлғалардың аударымдары туралы ақпаратты уәкілетті банктер ұсынатын болады.

### **5.3.3.3. Резиденттің резидент еместен кредит ретінде алатын шетел валютасын үшінші тұлғалардың шоттарына есептеу**

Қолданылып жүрген валюталық заңнамаға сәйкес резидент еместерден алынған кредиттер, егер кредиттің сомасы 100 мың АҚШ долларынан асатын болса, капитал қозғалысымен байланысты операциялар сияқты тіркеуге жатады. Осы операциялар бойынша қаражатты игеру және пайдалану туралы ақпаратты Ұлттық Банк тіркелген кредиттік шарт шеңберінде алады.

Лицензиялаудың қолданылып жүрген ережелерінде резиденттің резидент еместен кредит ретінде алатын шетел валютасын үшінші тұлғалардың шоттарына есептеу бойынша :

- 1) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген кредиттер бойынша;
- 2) шетелдік банктерден тартылған мемлекет кепілдік бермеген кредиттер бойынша есеп айырысудың құжаттандырылған нысандарын пайдалануды қарастыратын;
- 3) экспорттық кредиттер бойынша шетелдік агенттіктерде (тізбеге сәйкес) сақтандырылған экспорт-импорт мәмілелерін қаржыландыру мақсатында резиденттердің мемлекет кепілдік бермеген кредиттерді тартуын қарастыратын;
- 4) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мәміле паспорты ресімделген импорттық келісім-шартқа резидент емес үшінші тұлғаның ақы төлеуін қарастыратын операцияларға лицензия талап етілмейді.

Сонымен, лицензиялаудан шығару кредиттік шарттың талаптарына сәйкес резидентте шетел валютасын үшінші тұлғалардың шоттарына есептеу қажеттігі пайда болған жағдайлардың шамамен 90%-ін қамтиды. Тиісінше, осы операциялар лицензиялаудан шығарылады.

Сонымен бірге, осы схеманы жария етілмеген кірістерді "ақтау" мақсатында пайдалану мүмкіндігі заңсыз жолмен алынған кірістерді жария етуге қарсы іс-әрекет туралы заңнамамен реттелетін болады.

Тиісінше, осы операциялар лицензиялаудан алынып тасталады.

#### **5.3.3.4. Резиденттердің резидент еместерге валюталық құндылықтарды сенімгерлік басқаруға беруі**

Осы мәмілелер реттеудің жеке объектісіне бөлінбейді, сенімгерлік басқару шартының шеңберінде жүзеге асырылатын операцияларға байланысты реттеуге жататын болады, оның ішінде:

1) тіркеуді немесе лицензиялауды қажет етпей жүзеге асырылатын барлық операциялар резидент пен резидент емес (сенімгерлік басқарушы) арасындағы сенімгерлік басқару шарты шеңберінде шектеусіз жүзеге асырылады;

2) егер сенімгерлік басқару лицензиялауға немесе тіркеуге жататын өзге де операцияларды жүзеге асыруды болжайтын болса, онда сенімгерлік басқару шарты шарт шеңберінде операцияларға қандай режим қолданылатынына байланысты тіркеуге немесе лицензиялауға жатады.

#### **5.3.4. Туынды қаржы құралдарымен операцияларды реттеу**

Қазіргі уақытта, әлемдік тауар рыноктарында, валюта бағамдарына, пайыздық ставкаларға баға құбылмалылығының артуы жағдайында сыртқы сауда операцияларының қатысушылары, қаржылық ұйымдар рыноктық тәуекелдерді хеджирлеу құралдарына үлкен қызығушылық таныта бастады. Даусыз басымдылықтарға ие бола отырып, осы хеджирлеу құралдары базалық актив бағасының едәуір қолайсыз өзгеруінің үлкен тәуекелін көтереді, бұл тиісінше инвестордың едәуір зиян шегуіне әсер етуі мүмкін. Мысалы, Ресейдің банк жүйесіндегі дағдарысқа 1998 жылғы рубльдің құнсыздану әсері Ресей рублінің бағамы түскеннен кейін орындалуы мүмкін болмаған шетелдік қарсы әріптестермен жасалған ресейлік банктердің форвардтық валюталық келісім-шарттарының едәуір көлемімен күшейе түсті. Шартты талаптар мен міндеттемелер сондай-ақ капиталды әкету схемасы ретінде кеңінен пайдаланылуы мүмкін. Осылайша, пруденциалдық реттеу қаржылық ұйымдардың туынды қаржы құралдарымен мәмілелерін барынша тиімді қадағалауға және олар қабылдаған тәуекелдерді шектеуге тиіс. Сонымен қатар қызметі қаржы ресурстарын тартуға байланысты емес ұйымдардың операцияларына қатысты валюталық реттеу органдарының міндеті бұл жағдайда сыртқы экономикалық қызмет қатысушысының тікелей міндеті тәуекелдерді азайту болып табылатындықтан, туынды қаржылық құралдарымен жүргізілетін операциялардың айқындығы мен заңдылығын қамтамасыз ету болады. Осы қағидаттар туынды қаржы құралдарымен операцияларды валюталық реттеу жүйесіне негіз болады.

Валюталық реттеудің объектісі резиденттер арасындағы ішкі рынокта жасалатын валюталық операциялар, сол сияқты резиденттер мен резидент еместер арасындағы трансшекаралық мәмілелер де болуы мүмкін.

Бірінші жағдайда, мәмілелер ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында жасалуы мүмкін, атап айтқанда Қазақстан қор биржасы АҚШ долларына, еуроға қатысты АҚШ долларының бағамына, Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздарының кірістілігіне 6 айлық фьючерстерді ұсынады. Барлық қаржы құралдары сатып алу/сату бағасы бойынша мерзімді келісім-шарттың құны мен түпкілікті есеп айырысу бағасы бойынша оның құнының арасындағы айырманы төлеу арқылы базалық активті жеткізбей орындалады. Барлық есеп айырысулар теңгемен жүзеге асырылады. Сондай-ақ, қаржы рыногының қатысушылары екі жақты мәмілелер жасай алады, ал сыртқы экономикалық мәмілелердің қатысушылары басқа құралдардан гөрі шетел валютасымен жасалатын форвардтық келісім-шарттарды жасауға мүдделі.

Ішкі ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында мерзімді келісім-шарттар көлемінің көп еместігін ескере отырып, хеджерлер мен алыпсатарлардың Қазақстан Республикасының резидент еместерімен халықаралық рыноктардағы мәмілелерге қызығушылық білдірулері орынды. Алайда, қолданылып жүрген валюталық заңнаманың жекелеген нормалары туынды қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыру ерекшелігіне сай келмейді және тиісінше хеджирлеу құралдарын неғұрлым белсенді пайдалануға кедергі келтіреді.

#### **5.3.4.1. Туынды қаржы құралдарымен операцияларды реттейтін заңнамалық нормалар**

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес "туынды бағалы қағаздар - осы туынды бағалы қағаздардың базалық активіне қатысты құқықтарды куәландыратын бағалы қағаздар". Салық кодексі туынды бағалы қағаздарға " опциондарды, своптарды, форвардтарды, фьючерстерді, депозитарлық қолхаттарды, варранттарды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туынды бағалы қағаздар деп танылған басқа да бағалы қағаздарды жатқызады. Тауарлардың стандартталған партиялары, бағалы қағаздар, валюта және қаржы құралдары базалық активтер болуы мүмкін". Тиісінше, "бағалы қағаздар - акциялар, борыштық бағалы қағаздар, туынды бағалы қағаздар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар деп танылған мүліктік құқықтың өзге де объектілері".

Туынды бағалы қағаздардың осындай айқындамасы "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңында да бар. Бұдан басқа, осы заңда қазақстандық депозитарлық қолхаттар, опциондар, своптар, фьючерстер туынды бағалы қағаздар ретінде тікелей айқындалған.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының валюта заңнамасымен резиденттер мен резидент еместер арасындағы туынды қаржы құралдарымен операциялар емес, осы туынды құралдармен байланысты болатын базалық активтермен тікелей операциялар р е т т е л е д і .

Атап айтқанда, құралдың шарттарына сәйкес егер болашақта белгіленген баға бойынша тауар жеткізу қарастырылса, яғни Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізу болжанса, онда мұндай келісім-шарт Ұлттық Банк Басқармасының 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықта көзделген паспорт режимі қолданылатын экспорт-импорт келісім-шартына жататын болады. Егер экспорттың күні мен резидент еместің төлемді жүзеге асыру кезеңінің арасы 180 күннен асатын болса, онда осындай операциялар Капитал қозғалысымен байланысты операцияларды лицензиялау ережесіне сәйкес Ұлттық Банкте лицензиялауға жатады.

Туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізу резиденттердің шет елде шоттар ашуын болжаған және/немесе резиденттердің шет елде, оның ішінде резидент еместердің бағалы қағаздарын сатып алуы түрінде инвестицияларды жүзеге асыруын қарастырған жағдайда, қолданылып жүрген валюталық заңнамаға сәйкес, тиісінше:

резиденттердің (банктерді қоспағанда) шетел банктерінде және олар тіркелген мемлекеттердің заңнамасы бойынша тиісті құқығы бар өзге де қаржы институттарында шоттар (Қазақстан Республикасының валютасындағы шоттарды қоса алғанда) ашуға, резиденттердің шет елдегі инвестицияларына (бағалы қағаз/эмитент рейтингі бойынша валюталық заңнамада белгіленгендерді қоспағанда) Ұлттық Банктің лицензиясын р е с і м д е у қ а ж е т .

Туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізуді тежейтін қолданылып жүрген валюталық заңнаманың нормалары:

Қолданылып жүрген валюталық заңнама әрбір инвестицияға, оның ішінде туынды бағалы қағаздарға біржолғы лицензиялар алу қажеттігін айқындайды, бұл өтелетін мәмілелерді, туынды қаржы құралдары бойынша тәуекелдерді барынша төмендететін мәмілелерді жүзеге асыру және мерзімді келісім-шарттар рыноктарындағы ахуалға байланысты әр түрлі инвестициялық стратегияларды іске асыруға мүмкіндік бермейді.

Мысалы, шет елде инвестицияларды жүзеге асыруға лицензия алу туынды қаржы құралдарының мерзімі ішінде валюталық құндылықтармен операциялар жүргізілмейтіндіктен не резидент шетелдік активті сатып алу бойынша міндеттемені емес, құқықты сатып алатындықтан базалық активті жеткізу сәтінде ғана мүмкін болады. Туынды қаржы құралын орындауға ұсынған жағдайда яғни ұстаушы базалық активке құқықты іске асырған жағдайда мәміленің басқа тарабы міндеттемені орындауға міндетті. Тиісінше, валюталық заңдардың нормалары мен халықаралық тәжірибе талаптарының қайшылығынан, атап айтқанда, резиденттің міндеттемелерін орындамауынан немесе уақтылы орындамауынан (валюталық құндылықтармен операцияларды жүзеге асыруға лицензияның болмауынан) дау тууы мүмкін.

Қазіргі уақытта халықаралық рыноктарда туынды қаржы құралдарымен операциялар кеңінен тараған, мұнда базалық активті жеткізу жүргізілмейді, инвестор

базалық активтің ағымдағы құны мен мерзімді келісім-шартта көрсетілген бағаның арасындағы айырманы ғана алады не өтелетін мәмілелерді жасайды. Тиісінше, валюталық бақылау агенттерінде, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларында, инвесторларда және сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларында көбінесе туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру (алу) кезінде валюталық реттеу талаптары жөнінде сұрақтар пайда болады. Мысалы, опционды сатып алған және сыйлықақыны аударған немесе операциялардан кірістерді алған жағдайда, осы операцияларды қалай жіктеуге болады және лицензия алу қажет пе деген сұрақтар туындайды.

Егер халықаралық рыноктарда туынды қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыру үшін осындай шот қажет болған жағдайда шетелдік қаржылық ұйымдарда шоттар ашуды реттеудің және инвестицияларды реттеудің нормалары қайталанатыны.

Валюталық құндылықтар, атап айтқанда шетел валютасы базалық актив (форвард, фьючерс) болған операциялар кезінде қолданылып жүрген валюталық заңнама, жеткізусіз мерзімді мәмілелер жүзеге асырылған жағдайда шетел валютасын сатып алу мақсатына шектеулер қолданылатынын реттемейді.

#### **5.3.4.2. Туынды қаржы құралдарымен валюталық операцияларды реттеу жүйесі**

Туынды қаржы құралдарымен операцияларды реттеудің міндеттері:

1) жүргізілетін операциялар бойынша толық және шынайы ақпараттың болуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) операциялар көлемін және тиісінше резиденттер қабылдайтын тәуекелді реттеудің тиімді құралдарының болуы;

3) валюталық шектеулер қаржылық ұйымдардың қызметін реттейтін заңнамамен шектелмейтін валюталық операциялардың қатысушыларына ғана қолданылуға тиіс;

4) хеджирлеудің неғұрлым тиімді стратегиясын іске асыру үшін жағдайлар жасау мақсатында мерзімді келісім-шарттар рыноктарында операциялардың ерекшеліктеріне валюталық заңнаманың нормаларын барынша сәйкес келтіру.

Ұ с ы н ы л а т ы н ш а р л а р :

1. Банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар резидент еместермен мәміленің бір тарабы болғанда инвестицияларға ұқсас туынды бағалы қағаздармен операциялар құқықтың арнайы салаларымен реттеледі. Тиісінше жоғарыда көрсетілген қаржылық ұйымдардың осы операциялары лицензиялаудан алынып тасталады.

2. Брокерлер және басқарушы компаниялар арқылы басқа ұйымдар мен жеке тұлғалар жүзеге асыратын туынды құралдармен операцияларды реттеу брокерлік-дилерлік қызметті және инвестициялық портфелін басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға берілетін шет елдегі инвестицияларға операциялық лицензия

шеңберінде (инвестициялау лимиттері бойынша біліктілік талаптарын белгілеу арқылы)  
) іске асырылатын болады.

3. Резиденттер операцияларды шетелдік брокерлер арқылы жүзеге асырған жағдайда туынды қаржы құралдарымен операциялар брокерлік қызмет көрсету және инвестициялық операцияларды жүзеге асыру үшін шетелдік қаржылық ұйымдарда ашылған шотты пайдалану шартына қойылатын біліктілік талаптары арқылы реттелетін болады (шет елдегі инвестицияларға ұқсас).

4. Резиденттер резидент еместермен туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді (1-тармақта көрсетілген қаржылық ұйымдарды қоспағанда) бағалы қағаздардың ұйымдаспаған сыртқы рыногында - стандартталмаған қаржы құралдарымен екі жақты мәмілені шот ашпай жасаған жағдайда, осы операциялар лицензия алудың қолданылып жүрген рәсімдеріне сәйкес мерзімді мәміле бойынша тараптар міндеттемелерін орындауды бастағанға дейін лицензиялауға жатады.

5. Туынды бағалы қағаздың базалық активіне (бағалы қағаздар, валюта, басқа қаржы құралдары) құқықтарды резиденттің іске асыруы - базалық активті жеткізу хабарлама (операция жасалғаннан кейін) тәртібімен жүзеге асырылады.

6. Егер резидент еместермен мерзімді мәміле бойынша тауарларды жеткізу, түсіру (фьючерстер, форвардтар) жүзеге асырылса, онда экспорт-импорт мәмілелерін реттейтін валюталық заңдардың нормалары қолданылады.

7. Ішкі рынокта туынды қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асырған кезде ұлттық валютада не шетел валютасындағы меншікті қаражаты есебінен есеп айырысуды жүзеге асыру міндетті шарт болуы тиіс. Алыпсатарлық тәуекелдерді барынша азайту тұрғысынан алғанда, шетел валютасын сатып алу мақсаттарының тізбесін кеңейту дұрыс емес. Тиісінше базалық активті жеткізе отырып, клиентпен мерзімді мәмілелер жасайтын уәкілетті банктер келісім-шарт жасау (мәміленің дәлелділігін тексеру) кезінде сатып алу мақсатын немесе шетел валютасында меншікті қаражаттың болуын тексеруге тиіс. Қор биржасында туынды қаржы құралдары бойынша барлық есеп айырысулар теңгемен жүзеге асырылатындықтан және құралдар базалық активті (бұл жағдайда шетел валютасын) жеткізуді қарастырмағандықтан, оған резиденттердің - заңды және жеке тұлғалардың қатысуы валюталық заңдардың нормаларымен шектелмейді. Сондай-ақ валюталық заңдар есеп айырысу теңгемен жүзеге асырылатын бағалы қағаздардың ұйымдаспаған рыногында жеткізусіз туынды қаржы құралдарымен жасалатын резиденттер арасындағы мәмілелерді шектемейді.

Мынадай мәселелерді қосымша қараған жөн:

банктердің, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру компанияларының және инвестициялық қорлардың инвестициялауға рұқсат егілген қаржы құралдарының тізбесін кеңейту мүмкіндігі. Бұл іс-шараны жүзеге асыру көрсетілген қаржылық ұйымдарға хеджирлеудің барынша тиімді стратегияларын жүргізуге, ал банктер мен инвестициялық қорларға қаржы

құралдарының көбірек санын ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қаржылық ұйымдардың туынды қаржы құралдармен байланысты тәуекелдерін реттейтін қолданылып жүрген талаптардың тиімділігін және жаңа талаптар мен нормативтерді енгізудің орындылығын бағалау қажет, тәуекелдерді басқару әдістерін қолдануды ынталандыру мәселесі, салық, азаматтық заңнама және бухгалтерлік есеп туралы заңнаманы қоса алғанда нормативтік құқықтық кесімдердің кешенін мұқият пысықтауды қажет етеді. Тұтастай алғанда, хеджирлеу стратегиясын пайдаланудың ерекшелігі мен міндеттеріне балама құқықтық базаны жасау қажет.

### **5.3.5. Капиталдың әкелінуіне қатысты валюталық реттеу рәсімдері**

Тіркеу рәсімдерін жетілдіру шеңберінде қазіргі уақытта капиталдың әкелінуіне байланысты тіркеуге жататын барлық операциялардың ең төменгі шегі 100 мың АҚШ долларынан 300 мың АҚШ долларына дейін көбейтіледі. Осы шек статистикалық қамтуға қолайлы болып табылатын төлем балансы мен сыртқы борыштың статистикасы үшін регистрация шеңберінде алынатын ақпараттың кем дегенде 95%-ын қамтамасыз ететін барлық тіркелген шарттардың шамамен 76%-ын қамтуға мүмкіндік б е р е д і .

Қазіргі уақытта барлық резидент заңды тұлғалар сияқты екінші деңгейдегі банктер капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу режиміне кіреді. Сол уақытта, екінші деңгейдегі банктер тіркеу тәртібі шеңберінде алынатын ақпаратты қамтитын есеп беру нысандарының едәуір санын Ұлттық Банкке ұсынады. Жоғарыда жазылғандарға байланысты, ырықтандырудың екінші кезеңінің шеңберінде екінші деңгейдегі банктердің капиталдың әкелінуіне байланысты және Ұлттық Банкте тіркеуге жататын барлық операциялар операция жасалғаннан кейін хабардар ету тәртібімен жүзеге асырылады, яғни тіркеу режимінен толық шығарылады. Қажет болған жағдайда операцияларды дұрыс жіктеу үшін Ұлттық Банк қажетті қосымша ақпаратты және біржолғы (тұрақты емес) сұратулар шеңберінде банктерден құжаттарды алуға өзіне заңмен бекітіліп берілген құқығын сақтайды.

Капитал ағыны туралы ақпарат базасын жетілдіру шеңберінде тіркеуге жататын ( тіркеуге жататын операциялар) рәсімдерін оңайлату және операцияларды ( резиденттерді) қысқарту бойынша жұмыс жалғасады.

### **5.3.6. Валюталық мониторинг**

"Валюталық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңына және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, оның ішінде жекелеген валюталық реттеудің нормалары қолданылмайтын шетел

компанияларының филиалдары резидент еместер болып танылады. Сонымен қатар төлем балансы мен сыртқы борыш статистикасының методологиясына сәйкес шетелдік заңды тұлғаның филиалы Қазақстан Республикасының резиденті ретінде қарастырылады және оның сыртқы міндеттемелері елдің сыртқы борышында есептеледі, ал негізгі компаниямен операциялар төлем балансында көрсетілуге тиіс. Ұғымдардың сәйкес келмеуін ескере отырып, көбінесе шетел компанияларының филиалдары белсенді жұмыс жасайтын, әсіресе қызмет көрсету саласында, жекелеген көрсеткіштердің жоғарылату және/немесе дұрыс көрсетілмеу ықтималдығына әкеп соғатын операцияларды төлем балансында көрсетуге байланысты қиындықтар пайда болады.

Тиісінше, осы Бағдарламаның бағыттарының бірі төлем балансында оларды дұрыс көрсету үшін, сондай-ақ Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіру контекстінде шетелдік коммерциялық қатысуының ауқымы мен бағыттарын бағалау мақсатында Қазақстан Республикасындағы шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктерінде жүргізілген валюталық операциялар туралы қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік беретін жүйені құруға негізделген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 Жарлығымен бекітілген Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, төлем балансының тұрақтылығын, сыртқы борыштың экономикалық тиімділігін, валюта-қаржы дағдарыстарының тәуекелдерін, сондай-ақ елдің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп-қатер деңгейін бағалау мақсатында валюталық мониторинг жүйесін ұйымдастыру қажеттілігі көзделген. Валюталық мониторинг резиденттер (Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметті жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарын қоса алғанда) мен резидент еместер, сондай-ақ резиденттер (егер олардың біреуі валюталық мониторинг субъектісі болып табылса) арасындағы валюталық операциялар бойынша ақпарат жинау жүйесін білдіретін болады.

Жоғарыда айтылғанға сүйене отырып, ырықтандырудың екінші кезеңі шеңберінде Ұлттық Банкке елдің төлем теңгерімінде және сыртқы борышында көрсетілетін операциялар туралы ақпараттарды нақтылауға мүмкіндік беретін валюталық мониторинг рәсімдерін әзірлеу болжанады, олар валюталық реттеу және валюталық бақылау жөніндегі тиісті нормативтік құқықтық актілерде көрсетілуге тиіс.

Сондай-ақ ірі мұнайгаз жобаларында негізгі мердігер немесе қосалқы мердігерлер ретінде (құрылыс, бұрғылау және т.б.) жұмыс істейтін шетелдік компаниялар филиалдарынан олардың қызметінің түрлі аспектілерін есепке алу мен бағалаудың келісілген тәсілдерін қалыптастыру және алдағы уақытта қажетті ақпаратпен алмасуды ұйымдастыру үшін статистикалық немесе өзге де ақпарат алатын ведомстволарды үйлестіруді күшейту қажет. Бұл тәсіл қайталауды болдырмауға және есеп беруге байланысты филиалдардың шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.



## **5.4. 2007 жылдан бастап ұлттық валютаның толық айырбасталуына көшуді қамтамасыз ету**

### **5.4.1. Валюталық реттеу жүйесі**

Валюталық реттеу және бақылау жүйесі 2007 жылдан бастап мынадай негізгі қағида ттарға негізделеді:

1) валюталық құндылықтарды пайдаланумен байланысты операцияларды лицензиялау режимінің күшін толық жою;

2) ұлттық Банктің тіркеу талабын енгізу (тараптар міндеттемелерін орындауды бастағанға дейін) және валюталық операциялар туралы хабардар ету тәртібін айқындау (ол жасалғаннан кейін) жөніндегі Ұлттық Банктің заңмен бекітілген құқығын сақтау;

3) резидент және/немесе резидент емес валюталық операцияларды жүзеге асырған кезде операция жүргізуге негіздеме болып табылатын тиісті түрде ресімделген құжаттарды уәкілетті банкке ұсынуға міндеттілігі туралы талапты сақтау. Қажетті құжаттардың тізбесі валюталық заңнамада бекітіледі;

4) экспорт-импорт мәмілелері бойынша валютаны қайтару талабын сақтау. Қайтару талабы резидентке экспорттан түскен түсімді немесе импорт бойынша пайдаланылмаған авансты сыртқы сауда келісім-шартында көзделген мерзімде уәкілетті банктердің шоттарына есептеу міндеттемесін болжайды. Бұл ретте заң кесімінде резиденттер валютаны уәкілетті банктердің шоттарына есептемеуге құқылы жағдайларының жабық тізбесі айқындалуға тиіс;

5) резиденттер арасындағы ұлттық валютамен операциялар бойынша ақша төлемдері мен аударымдарын міндетті түрде жүргізуді айқындайтын норманы сақтау. Заңнама кесімінде осы талаптан шығатын ерекше жағдайлар айқындалуға тиіс;

6) заңды тұлғалардың шетел валютасын сатып алу мақсаттарына және соның есебінен шетел валютасын сатып алу жүзеге асырылатын ұлттық валютаның көздеріне (резиденттерге, сол сияқты резидент еместерге қатысты) барлық шектеулердің күшін жою.

### **5.4.2. Экспорт-импорт мәмілелерін жасау кезінде есеп айырысуларды реттеу**

2007 жылы тауарларға, жұмыстарға және қызмет көрсетуге 180 күннен астам мерзімге төлемнің мерзімін ұзартуды не аванстық төлемді көздейтін экспорт-импорт мәмілелері бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға арналған аударымдарды лицензиялау күшін жоятын болады. Қайтару талабы резиденттің сыртқы сауда келісім-шартында айқындалған мерзімде қаражатты алуын болжайды. Тиісінше

мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

1. Валюта және тауар ағындарын сәйкестендіруге және салыстыруға мүмкіндік беретін экспорт-импорт келісім-шарттары бойынша мәміле паспортын сақтау.

2. Резидент еместің экспорт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімінің және резидент еместің импорт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда аванстық төлемдерді қайтаруы сыртқы сауда келісім-шарты деректемелерінде міндетті түрде болуы туралы талаптарды заң кесімі деңгейінде бекіту.

3. Экспорт-импорт мәмілелері бойынша қаражат және тауарлар қозғалысы туралы барлық аралық ақпарат кейіннен өңдеу, нәтижелерін алу және оларды талдау, сондай-ақ жөнсіздіктерді анықтау үшін Ұлттық Банкте орталықтандырылуы тиіс. Ұлттық Банк валюталық заңнаманы бұзған резиденттер бойынша ғана ақша және тауар қозғалысы туралы жан-жақты ақпарат алатын болғандықтан, қолданылып жүрген жүйе ақпаратты коммерциялық банктер деңгейінде өңдеуді және біріктіруді болжайды.

4. Резиденттердің валюта және тауар ағындарын төлем жасау немесе тауарды шекарадан өткізу сәтінен басталатын мерзімдеріне (қолданылып жүрген жүйе) байланысты емес, келісім-шартта көрсетілген мерзімдер бойынша бақылап отыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етуді түзету.

5. Құқық бұзушылықтардың ауырлығына және жиілігіне қарай қайтару талабын бұзғаны үшін жауапкершілік жөнінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу.

Жалпы алғанда осы іс-шаралар Ұлттық Банкке валюта және тауар ағындары туралы неғұрлым бірдей ақпарат алуға, кәсіпорындар мен коммерциялық банктердің олардың валюталық бақылау агенттерінің функцияларын іске асыруы бойынша әкімшілік шығасыларын азайтуға мүмкіндік береді.

### **5.4.3. Күмәнді мәмілелерді бақылау**

Қазіргі уақытта заңсыз жолмен алынған кірістерді жария етуге (ақтауға) қарсы іс-әрекет жөніндегі заңнама әзірлеу жүзеге асырылуда. Осы жүйе күмәнді белгілері бар операциялар туралы, оның ішінде сыртқы экономикалық операциялар туралы ақпаратты анықтауға және жинақтауға мүмкіндік береді.

Валюталық реттеу режимін ырықтандыру бірқатар шектеулерді, атап айтқанда валюталық операцияларды лицензиялау талаптарын жоюды болжап отыр. Сонымен қатар экспорт бойынша валюталық түсімді және резидент емес импорт жөніндегі міндеттемелерін орындамаған жағдайда аванстық төлемдерді қайтару талабын сақтау болжанады. Осы талапты сақтау экспорт-импорт валюталық бақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі. Болашақта жекелеген экспорт-импорт келісім-шарты шеңберінде, сондай-ақ тұтастай алғанда әрбір экспортердің/импортердің төлемдері мен тауарлар жеткізу жөніндегі барлық ақпарат Ұлттық Банкте жинақталып, өңделетін болады.

Бұдан басқа, Ұлттық Банктің капитал қозғалысымен байланысты операцияларды тіркеу шеңберінде резидент еместермен шартты алу және келісім-шарттың талаптарын бағалау мүмкіндігі бар. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, валюталық бақылау жүйесі шеңберінде, атап айтқанда экспорт-импорт және қаржы мәмілелерінің арналары бойынша өлшемдерді және күмәнді операцияларды бақылап отыру үшін алынған ақпарат заңсыз жолмен алынған кірістерді жария етуге қарсы іс-әрекет рәсімдерін тиімді түрде толықтырып отырады.

## **5.5. Нормативтік құқықтық негізді жетілдіру**

### **5.5.1. "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" жаңа Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамалық негіздері**

1. "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" жаңа Қазақстан Республикасының Заңында осы Бағдарламада көзделген валюталық операцияларды реттеуге қатысты ырықтандырудың екінші кезеңінің іс-шаралары көрсетіледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасында айқындалған валюталық режимді біртіндеп ырықтандырудың талаптарына сай келетін тиісті нормативтік базаны құру міндеті іске асырылатын болады.

Жаңа заңның негізгі тұжырымдамалық негіздері мыналар:

1. Заңда валюталық шектеулердің барлық форматтары және валюталық реттеу мен бақылау режимдері, атап айтқанда, лицензиялау, тіркеу және хабардар ету режимдері айқындалуға тиіс.

2. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты лицензиялауға жататын операциялардың тізбесі " Лицензиялау туралы " Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңынан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" жаңа Заңға ауыстырылуға тиіс.

3. Заңда операциялар ағымдағы және капитал қозғалысымен байланысты операцияларға бөлінбейді. Капитал қозғалысымен байланысты операциялар жүргізуге шектеулер (халықаралық міндеттемелерге сәйкес ағымдағы операциялар шектеусіз жүзеге асырылады) бар болса немесе енгізілетін болса, валюталық заңнамадағы бұрынғыдай бөлінуі тиімді болады. Валюталық режимді ырықтандыру жағдайларында уақытша сипатта болмауға тиісті шектеулерді біртіндеп жою көзделгендіктен, тиісінше шектеулердің мақсаты да күрделі операциялардың барлық жиынтығына емес, нақты операцияларды реттеуге бағдарлануға тиіс. Осы қағидатқа өту толық ырықтандыру жағдайларында валюталық реттеу нормалары трансшекаралық капитал ағындарын

есепке алудың шынайы және толық болуын қамтамасыз етуге ғана бағытталатындығын ескере отырып, валюталық реттеу нормаларын төлем теңгерімінің жіктелуіне неғұрлым толық сәйкес келтіруге мүмкіндік береді. Бұдан басқа бұл нақты валюта операцияларын реттейтін рәсімдерді қолдануды жеңілдетуге және валюталық заңнаманың нормаларын түсіндірген кезде бірдей түсіндіруге жол бермеуге мүмкіндік ж а с а й д ы .

4. Түсініктер аппараты заң аясындағы нормативтік құқықтық кесімдердегі негізгі анықтамалар есебінен кеңеюі тиіс. Валюталық реттеу мен бақылау мақсаттары үшін пайдаланылатын негізгі ұғымдарды, атап айтқанда валюталық операциялар, резиденттер ұғымын нақтылау қажет.

5. Ұлттық Банктің валюталық мониторинг рәсімдерін белгілеу жөніндегі негізгі қағидаттары мен өкілеттіктері заң бойынша бекітілуге тиіс.

6. Заңда Қазақстан Республикасының резиденттері арасында жүзеге асырылуы мүмкін шетел валютасымен операциялардың жеке тізбесі көзделуге тиіс (резиденттер арасындағы барлық операциялар ұлттық валютамен жүзеге асырылуға тиіс деген жалпы ережеден ерекшеленіп отыр). Қолданылып жүрген заңдардағы жалпы ережелерден, атап айтқанда резидент еместермен сыртқы сауда операцияларын жүзеге асырған кезде аударымдық аккредитивтерді, вексельдерді пайдалана отырып есеп айырысулар бойынша, шет мемлекеттің заңдарына сәйкес эмиссияланған бағалы қағаздармен операциялар бойынша ерекше жағдайлар бар. Резиденттер арасындағы валюталық операциялар тізбесін заң кесімі деңгейінде бекіту және осы тізбені кеңейтудің тиімділігін бағалау қажет.

7. Заңда резиденттердің валюталық операцияларды жүзеге асыруына лицензиялар берген кезде Ұлттық Банк қарайтын негізгі өлшемдер жүйелендірілуі тиіс. Бұл ретте қолданылып жүрген заңнамамен белгіленген өлшемдер барынша бір ізге салынуы және лицензиялау кезінде қаралатын операциялар үшін бірыңғай болуға тиіс.

8. Тұтастай алғанда заң қазіргі уақытта бар, оның ішінде заң аясындағы кесімдердің де валюталық операцияларды жүргізуге қатысты барлық негізгі нормалары жүйелендірілуге тиіс. Құжаттың базалық құрылымы қолданылуы 2007 жылдан кейін де сақталатын басты нормалардан тұрады. Базалық құрылымға ағымдағы және күрделі операциялар бойынша валюта режимін толық ырықтандырғанға дейін қолданылатын уақытша шектеулер және тыйымдар салынуы тиіс.

9. Заңда 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап валюталық операцияларды жүргізудің рұқсат беру тәртібін айқындайтын қандай да болмасын баптарының, тармақтарының, тармақшаларының және ырықтандыруға жататын валюталық операцияларға басқа да шектеулердің қолданылуын жоюға мүмкіндік беретін норма болуы тиіс. Сонымен, заңды қабылдау 2007 жылы толық ырықтандыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұдан кейін заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің қажеті болмайды. " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24

наурыздағы Заңына сәйкес нормативтік құқықтық кесімде нормативтік құқықтық кесімнің жекелеген бөлігі (жекелеген бөліктері) үшін уақытша қолдану мерзімі белгіленуі мүмкін. Бұл валюталық операцияларға қатысушылар үшін одан әрі ырықтандырудың айқын бағдарын жасайды және валюталық реттеудің қолданылып жүрген жүйесінен ағымдағы және күрделі операциялар бойынша толық айырбастауға ө т у д і к а м т а м а с ы з е т е д і .

10. Заң қол қойылған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін күшіне еруге тиіс. " Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" тұжырымды жаңа Заң қабылданғаннан кейін валюталық операциялар жүргізу тәртібін, валюталық реттеу режимін, атап айтқанда лицензиялау, тіркеу және хабардар ету ережесін көрсететін бірыңғай заң аясындағы нормативтік құқықтық кесімді әзірлеу үшін уақыт қажет. Осылайша, Заң валюталық реттеу мен бақылаудың барлық рәсімдері және ережелері ресімделгеннен кейін күшіне еруге тиіс.

### **5.5.2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекске өзгерістер**

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде мынадай мәселелер көрсетілетін болады:

1. Құжаттарды тіркеуге уақтылы ұсынбағаны (бермегені), операцияларды тіркеу куәліктерінсіз жүргізгені үшін жауапкершілік көзделген.
2. Хабарлама бермегені, уақтылы хабарламағаны және жалған мәліметтер бергені үшін жауапкершілік көзделген.
3. Қайтару талабын бұзғаны үшін жауапкершілік нормалары нақтыланған.
4. Валюталық заңдардан 2007 жылдан бастап алынатын талаптарды орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікті көздейтін нормаларды алып тастау.

### **6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері**

Бағдарламада көзделген іс-шараларды іске асыру мемлекеттік бюджет қаражаттарынан қаржыландыруды талап етпейді.

### **7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже**

Бағдарламаның іс-шараларын жүзеге асыру валюталық реттеу мен валюталық бақылаудың әкімшілік рәсімдерін одан әрі жүйелендіру және жеңілдету үшін қажетті негіз құрайды. Туынды қаржы құралдарымен операцияларды валюталық реттеу рәсімдерін жетілдіру Қазақстан резиденттерінің тәуекелдерді басқару мен хеджирлеудің тиімді стратегияларын неғұрлым белсенді пайдалануы үшін қажетті ж а ғ д а й л а р ж а с а й д ы .

Валюталық бақылау агенттерінің функцияларын азайту екінші деңгейдегі банктерде шығындарды төмендетуге және олардың бәсекелік қабілетін арттыруға ықпал етеді, ал валюталық операцияларды жүргізу тәртібін жеңілдету сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың әкімшілік шығасыларын азайтады әрі капиталдың қалтарысты әкетілу көлемін азайтуға жанама әсер етеді.

Ерте хабардар ету индикаторларының жүйесін құру сыртқы және ішкі экономикалық тәуекелдерді уақтылы анықтауға және оларды бірдей сезінуге мүмкіндік береді, ал сыртқы экономикалық операциялар туралы ақпараттық базаны жетілдіру 2007 жылдан бастап валюталық операцияларды жүргізудің рұқсат ету тәртібінен кейіннен мониторинг жүргізу және іріктемелі бақылау жүйесіне тиімді өтуді қамтамасыз етеді.

## 8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 38 Қаулысымен.

P/c N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар	Қаржы. ландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7

### 1. Тәуекелдерді сапалық және сандық бағалау

1.1.	Валюта және қаржы дағдарыстары жөнінде ерте хабардар ету индикаторларының құру ақпарат	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің мерзімдік бағамдауы	ҰБ	2005 жылғы (келісім бойынша)	Қаржыландыру талап етілмейді	-
1.2.	Қаржы жүйесінің тұрақтылығын, экономикалық дамудың негізгі үрдістерін айқындайтын факторларды	Ұлттық Банк	ҰБ	2006 жылдан бастап	Қаржыландыру талап етілмейді	-

негізде кешенді  
бағалауды қалып.  
тастыру (Financial

Stability Report)

1.3. Валюталық режим Қазақ. ҰБ 2006 Қаржы. -  
толық ырықтанды. стан (келісім жылғы ландыру  
рылған жағдайда Респу. бойынша), 2-тоқсан талап  
ішкі және сыртқы блика. ҚҚА етілмейді  
факторлардың ық. сының  
палы тұрғысынан Үкіме.  
алғанда, олардың тіне  
тұрақтылығын талдау  
(осалдығын) талдау хат  
мақсатында эконо.  
миканың сыртқы  
секторының және  
қаржы жүйесінің  
жай-күйін кешенді  
бағалауға дайындау  
(stress-test)

---

2. Валюталық операциялар жүргізуге қойылатын шектеулер  
жүйесін жетілдіру

---

2.1 Валюталық опера. Қазақ. ҰБ Тұрақты Қаржы. -  
циялар жүргізуге стан (келісім ландыру  
қойылатын шектеу. Респу. бойынша) талап  
лер жүйесін блика. етілмейді  
жетілдіру сының  
Үкіме.  
тіне  
ақпарат

---

3. Валюталық режимді одан әрі ырықтандыру  
(екінші кезеңнің іс-шаралары)

---

3.1. Валюталық реттеу Норма. ҰБ "Валюта. Қаржы. -  
мен бақылаудың тивтік (келісім лық рет. ландыру  
тәртібін және рә. құқық. бойынша) теу және талап

сімдерін реттейтін тық ке. валю. етілмейді  
бірыңғай норматив. сімнің талық  
тік құқықтық ке. жобасы бақылау  
сімнің жобасын туралы"  
әзірлеу Қ а з а қ .

с т а н  
Р е с п у .  
б л и к а .  
с ы н ы ң  
ж а ң а  
з а ң ы  
қ а б ы л .  
д а н ғ а н  
к ү н н е н  
б а с т а п  
2 т о қ с а н

ішінде

3.2. Валюталық мони. Норма. ҰБ 2005 Қаржы. -  
торинттің рәсім. тивтік (келісім жылғы ландыру  
дері мен тәртібі кесім. бойынша) 1-тоқсан талап  
жөніндегі норма. нің етілмейді  
тивтік құқықтық жобасы  
кесімнің жобасын

әзірлеу

3.3. Валюталық опера. Есеп ҰБ Қажетті. Қаржы. -  
циялар бойынша беру (келісім лігіне ландыру  
есеп беру нысан. нысан. бойынша) қарай талап  
дарын жетілдіру дары етілмейді

---

4. 2007 жылдан бастап ұлттық валютаның толық  
айырбастауына көшу үшін жағдайлар жасау

---

4.1. Экспорт-импорт Норма. ҰБ 2006 Қаржы. -  
мәмілелері бойынша тивтік (келісім жылғы ландыру  
ақпараттық ағын. құқық. бойынша), 1-тоқсан талап  
дарға және қайта. тық ке. Қаржымині етілмейді  
рудың жаңа принци. сімнің  
піне өтуге қатысты жобасы  
экспорттық - импорт.



тық валюталық  
бақылау рәсімдері.  
не өзгерістер

енгізу

4.2. Валюталық реттеу Норма. ҰБ 2006 Қаржы. -  
режимі толық ырық. тивтік (келісім жылғы ландыру  
тандырылған жағ. құқық. бойынша) 4-тоқсан талап  
дайда валюталық тық ке. етілмейді  
реттеу мен бақы. сімнің  
лаудың тәртібін жобасы  
және рәсімдерін  
айқындайтын норма.  
тивтік құқықтық  
актіге өзгерістер

енгізу

4.3 Ұлттық банкті экс. Ұлттық ҰБ 2006 Қаржы. -  
порт-импорт мәмі. Банктің (келісім жылғы ландыру  
лелері бойынша қа. валю. бойынша) 4-тоқсан талап  
ражат пен тауарлар талық етілмейді  
қозғалысы туралы бақылау  
ақпаратты орталық. бойынша  
тандыру мақсатында бағдар.  
экспорттық-импорт. ламалық  
тық валюталық қамта.  
бақылаудың нәтиже. масыз  
лерін кейіннен етуі  
өңдеу, алу және  
оларды талдау,  
сондай-ақ жөнсіз.  
діктерді анықтау  
үшін экспорттық-  
импорттық валюта.  
лық бақылау бо.  
йынша бағдарлама.  
лық қамтамасыз  
етуге өзгерістер

енгізу

4.4. Резиденттердің Ұлттық ҰБ 2006 Қаржы. -  
валюта және тауар Банктің (келісім жылғы ландыру

ағындарын келісім-валю.	бойынша)	4-тоқсан талап
шартта көрсетілген талық		етілмейді
мерзімдер бойынша		бақылау
бақылауға мүмкін.		бойынша
дік беретін бағ.		бағдар.
дарламалық қамта.		ламалық
масыз етуге түзету		қамтама.
енгізу		сыз етуі

---

## 5. Нормативтік құқықтық негізді жетілдіру

---

5.1. Валюталық опера.	Норма.	ҰБ	"Валю.	Қаржы.	-
циялар жүргізген	тивтік	(келісім	талық	ландыру	
кезде тіркеу, ха.	құқық.	бойынша),	реттеу	талап	
бардар ету талап.	тың	Қаржымині	және ва.	етілмейді	
тарын орындамағаны	кесім.		валюталық		
үшін жауапкершілік	нің		бақылау		
белгілеу жөнінде	жобасы		туралы"		
Әкімшілік құқық			Қазақстан		
бұзушылық кодек.			Республи.		
сіне өзгерістер			касының		
енгізу			жаңа заңы		
			қабылдан.		
			ған күннен		
			бастап 2		
			тоқсан		

ішінде

5.2. Қайтару талабын	Норма.	ҰБ	2006	Қаржы.	-
бұзғаны үшін жа.	тивтік	(келісім	жылғы	ландыру	
уапкершілік және	құқық.	бойынша),	3-тоқсан	талап	
валюталық опера.	тық ак.	Қаржымині		етілмейді	
	цияларды	жүргізуге		тінің	
	арналған	жойылатын		жобасы	
	шектеулерге	жауап.			
	кершілік	белгілей.			
	тін	баптардың			
	күшін	жою		бойынша	
	Әкімшілік	құқық			
	бұзушылықтар	ко.			

д е к с і н е                    ө з г е р і с т е р  
е   н   г   і   з   у

---

Ескерту: Әріптік аббревиатуралардың талдамасы  
ҰБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
ҚҚА - Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу  
мен                    қадағалау                    жөніндегі                    агенттігі  
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК